

МӘСЕЛЕ



ҚУЫРШАҚ
КЕЙПІНДЕГІ ҚАУІП
ұрпақ санасын улайтын
идеологиялық құрал ма?

6



ИННОВАЦИЯ

ҰЛТТЫҚ СУПЕРКОМПЬЮТЕР

Қазақстан цифрлық технологияларды тиімді игеру бойынша ТМД елдері арасында көшбасшы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елордамыздағы Ұлттық суперкомпьютер орталығында болып, EdTech, MedTech, GovTech салаларындағы үздік жобалармен танысып, Орталық Азияда алғаш рет қолданысқа енгізілген, Alemcloud Ұлттық суперкомпьютер орталығында NVIDIA H200 графикалық процессорлары базасында жасақталған суперкомпьютерді іске қосты.

ОРТАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Жаһандық экономикада көшбасшы болу үшін бүгінде тек шикізат көздері, өндіріс орындары жеткіліксіз. Инновациялы технологияларды тиімді қолданысқа енгізген мемлекеттерден Қазақ елінің тасы өрге домалап отыр. Еліміз соңғы жылдары үкімет қызметін, қаржы саласын цифрландыру бойынша іргелі жетістіктерге жеткен еді. Қазақстан онлайн қызметтер индексі (OSI) бойынша Оңтүстік Корея, Эстония және Даниямен қатар әлемдегі алғашқы ондыққа енді. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2024 жылғы электрондық үкіметті дамыту индексі бойынша, 2023 жылмен салыстырғанда ел төрт позицияға көтеріліп, Германия, Қытай және Австралия елдерінің алдын орап, жаһандық деңгейде 24-орынға ие болды.

ТМД елдері арасында Қазақстан цифрлық технологияларды тиімді игеру бойынша көшбасшы. Астана төрінде ашылған алғашқы суперкомпьютер орталығы цифрлық серпілісті қайталап, елімізді Еуразия континентінде жасанды интеллекті тиімді игеру бойынша экожүйе қалыптастыра алады ма? Мақаламызда елімізде цифрлы даму, жасанды интеллект саласын мемлекет деңгейінде тиімді меңгеру әлеуетін сараптап көрелік.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТАЗАРТУ ҚУАТТАРЫН ЖАҢҒЫРТУ

қала құрылысы мен өнеркәсіптің дамуына сай болуы тиіс

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды кезекті жұмыс сапары аясында кәріздік тазарту құрылыстарын (КТҚ) және «Сорбұлақ» шайынды сулар жинағышын аралап көріп, нысандардың қазіргі жай-күйімен және оларды жаңарту мен тазарту жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралармен танысты.

Ернұр
РЫСБАЙ





дардың денсаулығына тікелей әсер етеді. Мұнда тек қолданыстағы қуаттарды ұстап тұру ғана емес, тазарту стандарттарын көтеру де маңызды, – деді Дархан Сатыбалды.

Тазартудан өткен су 1973 жылдан бері шайынды суларды жинап, сақтауға арналған өңірдегі ең ірі инфрақұрылым нысаны – «Сорбұлақ» жинағышына құйылады. Су айдынының ауданы 58 шаршы шақырым, тереңдігі 25 метрге дейін жетеді. «Сорбұлақтың» жағдайын бақылау аясында нысанда инженерлік-гидрологиялық зерттеулер жүргізілуде. Бекітілген технологиялық регламент пен пайдалану ережелеріне сәйкес «Алматы Су» МКК мамандары күн сайын

су деңгейін өлшеп, тұрақты экологиялық және химиялық бақылау жүргізеді. Сондай-ақ, нысанда су деңгейін реттейтін және су тасқыны қаупінің алдын алатын бөгеттер, су бөлгіш және гидротехникалық құрылыстар бар.

Сапар қорытындысы бойынша, Дархан Сатыбалды тазарту құрылыстарын жаңғырту және жинағышты сенімді пайдалану бойынша жобалық шешімдерді бақылауға алуды тапсырды. Шаһар басшысы, әсіресе, тазарту сапасына, сүзу деңгейіне және халық санының артуы мен қалалық агломерацияның кеңеюі жағдайында жүктеменің өсуіне байланысты дайындыққа ерекше назар аударуды міндеттеді.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



ИННОВАЦИЯ

ҰЛТТЫҚ СУПЕРКОМПЬЮТЕР

Қазақстан цифрлық технологияларды тиімді игеру бойынша ТМД елдері арасында көшбасшы

(Басы 1-бетте)

- Бүгінде елімізде мемлекеттік қызметтің 92%-ы онлайн көрсетіледі.
- 2025 жылдың алғашқы жартысында 23 миллионнан аса цифрлық қызмет көрсетілді. Аталмыш қызметтердің 45%-ы ұялы телефон арқылы жүзеге асты.
- 2024 жылы алғаш рет Ұлттық ЖИ дамыту тұжырымдамасы қабылданды.

ЖАҢАҢДЫҚ ЖИ ЖАРЫСЫ:
АДАМЗАТ МҮДДЕСІ

Былтыр алғаш рет елімізде Жасанды интеллектіні дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды. Аталмыш тұжырымдаманың мақсаты – Мемлекеттік қызметтердің кемінде 20%-ын автоматтандырылған цифрлық жүйемен беру, әрі жыл сайын жалпыға қолжетімді AI курстарынан кемінде 80 000 адам өтіп, кемінде 25 AI-бағдарлама жасау. Жасанды интеллект негізіндегі өнімдер санын 5 есеге арттыру.

Тұжырымдама 2029 жылға дейін үш кезеңнен құралып, стратегиялық тұрғыда цифрлық қызметтерді экспорттау ұлттық экономиканың басым бағытына айналу басты тетік ретінде көрсетілген.

Астана төрінде іске қосылған жаңа суперкомпьютер кластері FP8, аталмыш тұжырымдама аясында есептеу әдістемесі бойынша 2 эксафлопсқа дейінгі өнімділікті қамтамасыз ете алады. Есептеу қуаты жағынан Орталық Азия өңіріндегі ең үздігі саналады. Суперкомпьютердің іске қосылуы



(Дереккөз: ortcom.kz)

еліміздегі негізгі салаларды цифрландыратын маңызды қадам деп білеміз. Суперкомпьютердің есептеу қуатын нейрожелі шешімдерін әзірлеумен айналысатын стартаптар, университеттер мен ғылыми орталықтар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен жеке компаниялар пайдалана алады.

ЦИФРЛЫ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУШЫ
ӘРБІР АЗАМАТ ҮШІН ПАЙДАЛЫ

Атауы ғана компьютер болғанымен, құрылымы мен мазмұны үлкен ауқымды деректерді талдайтын, жоғары дәрежедегі күрделі процестерді жеңіл орындайтын «ақпараттық машина». Суперкомпьютердің

қызметі бірнеше сала бойынша елімізде әрбір цифрлы қызметті пайдаланушы азаматтарға пайдалы.

Біріншіден, еліміздегі шетелдік студенттер арасында Қытай мен Үндістаннан келетін студенттер саны ТМД елдерінен келетін студенттер санынан алғаш рет асты. Қазақстанның тұтас Еуразия даласында кәсіби білім беру хабына айналуының бірнеше алғышарты бар деп пайымдаймыз.

Біріншіден, FP8 суперкомпьютер кластері елімізде жүзеге асып отырған отандық, SmartCity Astana, AlemLLM жобасы, AI Kitap, Baspana Hub және тағы басқа да жобалардың жүйелі жұмыс жасауына ықпал ететін ресурстық деректермен қамтамасыз етеді.

Екіншіден, аталмыш суперкомпьютердің Орталық Азияда алғаш рет елімізде қолданысқа енгізілуі, меніңше, елдің имидждік әлеуетінен бөлек, іргелі технологиялық серпілісте тиімді қадамдар жасаудың негізін құрайды.

Үшіншіден, азаматтардың деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, түрлі әлеуметтік салалардағы ауқымды деректерді тиімді талдап, ең ұрымтал шешімдерді ұсынады.

ЖАҢА ДӘУІРГЕ – НЫҚ ҚАДАМ

Ақиқаты, бүгінде еліміз электронды үкімет, жасанды интеллект және стартап экосистемі бойынша Еуразияда көшбасшыға айналды. eGov.kz порталы мен мобильді қосымшалар арқылы халыққа 92%-дан астам мемлекеттік қызметтер онлайн ұсынылса, Astana Hub-та 28 елден 1300-ден астам стартап жұмыс істеп, жыл сайын 1,2 трлн. теңге табыс табуда. Жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасы қабылданып, қуатты суперкомпьютердің іске қосылуы Қазақстанның Еуразиядағы цифрлық хаб ретінде жаңа дәуірге нық қадам басқанының айғағы.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



НАРЫҚ

МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ

неге байып жатыр?

Микроқаржы ұйымдары 2025 жылдың I кварталында заң қаталдана бастаса да табысын арттырған. Бұл туралы Finprom.kz сараптамалық порталы хабарлады. Қаңтар-наурыз айларында микроқаржы ұйымдарының таза табысы 30,4 млрд. теңге болды. 2024 жылдың I кварталындағы көрсеткішпен салыстырғанда 6,8%-ға өскен. Мұндай өсім қалайша тіркелді?

«АЙЛЫҚҚА ДЕЙІН» НЕСИЕСІНЕ СҰРАНЫС КӨП

Finprom.kz сараптамалық порталы 2 шілдеде әлеуметтік маңызды талдау нәтижесін жариялады. Сарапшылар ҚР Ұлттық банкінің деректеріне сүйеніп, еліміздің микроқаржы ұйымдарының 2025 жылдың I кварталындағы табысын зерттеген. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, есептік кезеңде микроқаржы ұйымдары 30,4 млрд. теңге таза табыс тапқан. Бұл 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,8%-ға көп. Былтыр қаңтар-наурыз аралығында микроқаржы ұйымдары 28,5 млрд. теңге табыс тапқан еді.

Ұлттық банк мәліметтеріне сәйкес, 2025 жылы 1 сәуірдегі жағдай бойынша елімізде 213 микроқаржы ұйымы ресми жұмыс істейді. 143 компания I кварталын табыспен аяқтаған. 10 қаржы ұйымының табысы мен шығыны тең болса, 60 компания шығындалған.

Табысы жоғары компаниялардың ішінде «айлыққа дейін» несиесін беретін «Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС көш бастап тұр. 3 айда таза табысы 4,8 млрд теңгені құраған. Бұл халықтың «айлыққа дейін» несиесіне сұранысы көп екенін көрсетеді.

Төмендегі кестеде табыс тапқан ТОП-5 қаржы ұйымы жинақталған.

Микроқаржы ұйымдары	2025 жылдың I кварталындағы табысы (теңге)	Несие беру бағыты
«Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС	4,8 млрд.	«Айлыққа дейін»
«Тойота Файнаншл Сервисес Қазақстан» МҚҰ» ЖШС	3 млрд.	Автокөлік
«LEGAL MONEY» МҚҰ» ЖШС	2.6 млрд.	Тұтынушылық
«KMF (КМФ)» МҚҰ» АҚ	2.4 млрд.	Кәсіпкерлерге
«TAS FINANCE GROUP» МҚҰ» ЖШС	1.5 млрд.	Кәсіпкерлерге



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

«Айлыққа дейін» несиесіне не үшін сұраныс жоғары? Соңғы уақытта осындай микронесиелер жиі беріледі. «Робокэш.кз» халық арасында кең тараған «айлыққа дейін қарызға бере тұру» деген қаржылай қарым-қатынас амалын маркетингте сәтті қолданған секілді.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ НЕСИЕ БЕРУШІЛЕР ШЫҒЫНДАЛҒАН

Шығындалған компаниялардың ішінде «ФРИДОМ ФИНАНС Кредит» МҚҰ» ЖШС (-1,5 млрд. теңге) көш бастап тұр. Одан кейінгі орында «Credit365 Kazakhstan (Кредит365 Қазақстан)» МҚҰ» ЖШС (-837 млн.).

Шығындалған компаниялардың ТОП-5 рейтингін қарайтын болсақ, барлығы тұтынушылық несие беретінін байқауға болады. Бұл 200 мың теңгеге дейінгі тұтынушылық несиеге сұраныс жоғары екенін және халықтың мұндай ақшаны төлей алмайтынын немесе мерзімінен асырып төлейтінін көрсетеді.

Микроқаржы ұйымдары	2025 жылдың I кварталындағы шығыны (теңге)	Несие беру бағыты
«ФРИДОМ ФИНАНС Кредит» МҚҰ» ЖШС	- 1,5 млрд.	Тұтынушылық

«Credit365 Kazakhstan (Кредит365 Қазақстан)» МҚҰ» ЖШС	- 837 млн.	Тұтынушылық
«Sara Digital Finance» МҚҰ» ЖШС	- 370 млн.	Тұтынушылық
«FB Кредит» МҚҰ» ЖШС	- 340 млн.	Тұтынушылық
«Finbox» МҚҰ» ЖШС	- 116 млн.	Тұтынушылық

СҰРАНЫСТЫҢ АРТУЫНЫҢ ЕКІ СЕБЕБІ

2022 жылдан бері елімізде микроқаржы ұйымдарға қоғам тарапынан қысым артқан. Себебі, несие алатындар саны өте көп. Бұл бір жағынан экономикалық жағдайдың қандай екенін, екінші жағынан тұтынушылық несиеге сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Міне, микроқаржы ұйымдарының қызметіне сұраныстың артуының екі себебі осында.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бастамасымен және Мәжіліс депутаттарының талабымен микроқаржы ұйымдарына талап күшейді. Биыл 30 маусымда Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл заңда микроқаржы ұйымдарының өз қаржы өнімдері жайлы ақпаратты сайттарында ашық беруі тиіс деген секілді өзгерістер енгізілді.

Сондай-ақ, бір жылдық пайыз мөлшерлемесі (179%) де нақты белгіленді. Бұдан бөлек, 2024 жылы желтоқсанда азаматтарымыздың құқығын қорғау мақсатында микроқаржы омбудсмені ресми енгізілді. Осы аталған шаралар мемлекеттік реттеу тетігі ретінде микроқаржы нарығындағы жағдайды реттеу үшін жасалуда. Бұл қысқа мерзімде оң нәтиже береді. Дегенмен, ұзақ мерзімде тек заңнамалық реттеу ғана емес, макроэкономикалық реформалар да қажет.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ӨНДІРІСТІК ХАБ

АЛМАТЫНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ:

Мегаполисте жеңіл өнеркәсіп, көлік және логистика саласы қалай дамып жатыр?

Алматы – өнеркәсіп, құрылыс, логистика және жоғары технологиялар тоғысқан маңызды өндірістік хабқа айналып келеді. Қалада жүзеге асырылып жатқан жобалар, индустриялық аймақтардың дамуы, жаңа өндіріс ошақтарының ашылуы мен көлік инфрақұрылымындағы серпінді жаңалықтар мегаполистің нақты сектордағы әлеуетін айқын көрсетеді. BRT жүйесі, электробус өндірісі, жеңіл өнеркәсіп пен фармацевтика – мұның барлығы Алматыны нағыз индустриалды мегаполиске айналдырып отыр.

ЗАМАНАУИ ИНДУСТРИЯ

Қазіргі таңда қалада жеңіл өнеркәсіп саласы жаңа қарқынмен дамып жатыр. Киім, тоқыма, былғары және тұрмыстық тауарлар өндірісінде отандық кәсіпкерлер белсенділік танытып, ішкі нарықтағы үлесін кеңейтуде. Шаһарда бірнеше тігін фабрикасы мен жиһаз өндірісі жолға қойылып, отандық брендтер қалыптасып келеді. Оған дәлел де, дәйек те жетерлік. Мәселен, әлеуметтік желі арқылы өзіңізге қажетті жиһаз түрін іздеп көріңізші, алдыңызға мың-сан түрлі үлгідегі, көздің жауын алатын әдемі бұйымдарын ұсынған шеберлерді табасыз. Олардың қай-қайсысын алсаңыз да бәсекеге қабілетті, сапалы өнімдер шығаруда. Бағалары да қолжетімді.

Фармацевтикалық өндіріс те мегаполисте тұрақты дамып келе жатқан бағыт. Қаладағы ірі фармацевтикалық зауыттар ішкі нарықты ғана емес, экспорттық бағытты да қамтамасыз етуде. Бұл салаға жаңа инвестициялар тартып, өндірісті цифрландыру арқылы өнім сапасы мен қолжетімділігі артуда.



ИННОВАЦИЯ МЕН НАҚТЫ СҰРАНЫС

Алматының нақты секторын айқындайтын негізгі тіректердің бірі – арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) мен Индустриялық аймақтар. Өткен апталарда жұмыс сапарымен қала әкімі Дархан Сатыбалды осы аймақтардағы өндірістік кешендерге арнайы барып, ондағы жұмыс барысымен танысып қайтты. «Ақпараттық технологиялар паркі» АЭА – жоғары технологиялар, электроника және цифрлы жабдықтар өндірісі бойынша көшбасшы орталыққа айналууда. Мұнда Acer техникасын құрастыратын XFinity Solutions, есептеу құрылғыларын өндіретін NERO тобы, телекоммуникациялық SMART ALATAU, медициналық бұйымдармен айналысатын Juldzy Kenan Co., LTD сынды кәсіпорындар жұмыс істейді.

Индустриялық аймақтағы жобалар да жоғары қарқынмен дамып отыр. Мұнда 557,6 млрд. теңгеге 118 жоба іске қосы-

лып, 15 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Мысалы, суару құбырлары мен фасад материалдарын, болат құбырлар мен бояу өнімдерін шығаратын зауыттар ел ішіндегі сұранысты қамтып қана қоймай, Ресей, Қырғызстан мен Өзбекстан нарығына да шығуға ниетті.

МАҢЫЗДЫ КӨЛІК АРТЕРИЯСЫ

Нақты сектордың дамуын көлік инфрақұрылымынсыз елестету әсте мүмкін емес. Бұл бағытта қазір Алматыда BRT (Bus Rapid Transit) жүйесінің іске қосылуы – стратегиялық шешім болды. Жылдам, қауіпсіз және экологиялық таза қоғамдық көлік түрі өндірістік аудандарды қаланың басқа бөліктерімен байланыстырып, жұмысшы халыққа тиімді әрі ыңғайлы қатынау мүмкіндігін береді.

Қазіргі таңда Алматыда BRT жобасының жалғасы ретінде жаңа желілерді іске қосу, электробустарды пайдалану, аялда-

маларды цифрландыру секілді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Аталмыш көлік түрін қаладағы өндіріс ошақтары мен индустриялық аймақтардағы жұмыс орындарына жолаушыларды кедергісіз жеткізуге мүмкіндік беретін маңызды көлік артериясы деп айтсақ та болады.

Бұған қоса, BYD электробустарын құрастыру зауытының іске қосылуы – Алматыны Орталық Азиядағы жасыл көлік өндірісінің орталығына айналдырмақ. Бұл экологиялық жоба экожүйеге түсетін жүктемені азайтып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын құру арқылы нақты секторға қосымша серпін береді.

Жалпы, BRT жүйесі, индустриялық аймақтар, жоғары технологиялы және экологиялық таза өндірістер – Алматыны өңірлік шеңберден шығарып, жаһандық деңгейдегі индустриялық орталыққа айналдыруда. Бұл – жаңа жұмыс орындары, сапалы өнім, экспорт көлемінің артуы және импортқа тәуелділікті азайту сияқты маңызды нәтижелерге жол ашып отыр.

Алматының нақты секторы – қаланың экономикалық дербестігі мен болашақ өркендеуінің берік негізі. Қала әкімі Дархан Сатыбалдының бастамасымен жүзеге асып жатқан жүйелі саясат, инвестиция тарту, өндірісті жергіліктендіру және заманауи инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар мегаполистің индустриялық қуатын қарқынды арттырып келеді.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ФОРУМ

QAZAQ INVEST FORUM – 2025:

халықаралық инвестициялық диалогтың негізгі алаңы

Форум 2025 жылы маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин қол қойған стратегиялық келісімнің аясында өтті.



Дана
САДЫРҚАН

Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов, ҚХР Алматы қаласындағы Бас консулы Цзян Вэй, Alibaba Group, China Railway, TEDA Environmental, Netflix International, Zichen Group, EWPARTNERS инвестициялық компаниялары мен қаржы ұйымдары, облыс әкімдіктерінің өкілдері қатысты.

Форумның басты мақсаты – Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық экономикалық әрі экологиялық серіктестікті тереңдету, өңірлерге тікелей инвестиция тарту, жасыл экономика саласындағы жоғары технологияларды енгізіп, елімізді инвестициялық хаб ретінде көрсету.

Форум аясында жалпы сомасы 224,7 миллиард теңгені құрайтын инвестициялық келісімдер мен меморандумдарға қол қойылды. Атап айтқанда:

- Қаптама қағазын өндіру зауыты – 12,6 млрд. теңге;
- Тетрапак қалдықтарын өңдеу (SUNNY PAPER компаниясы) – 12,4 млрд. теңге;
- Күн панельдерін өндіру зауыты (Сингапур) – 34,5 млрд. теңге;
- Электромобильдерге арналған тежегіш жүйелерін өндіру (Zichen Group) – 41,8 млрд. теңге.



Суретті түсірген автор.

Бұған қоса, суды ұтымды пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу, экологиялық құрылыс материалдарын шығару және цифрлық логистика бағыттары бойынша да жобалар іске асырылмақ.

«Байтақ-Болашақ» республикалық экологиялық альянсы, EVEREST CAPITAL INVEST GROUP, GREEN KAZ INVEST GROUP ұйымдастырған жиында жалпы капиталы 5,25 трлн. теңгені (10 млрд. АҚШ доллары) құрайтын Kazakh-Asia Investment Fund трансұлттық инвестициялық қоры құрылды.

Айта кету керек, қор қаржысы экология, жасыл энергетика, инфрақұрылым және тұрақты өнеркәсіп салаларындағы ауқымды жобаларды қаржыландыруға бағытталады. «Бұл аймақтық форумды өткізудегі мақсатымыз – белгілі бір нәтижеге қол жеткізу. Инвестор ұсынылған жобаларға қаржы құяды, бірақ салынған қаражат өзін-өзі ақтап алуы керек. Бүгін қытайлық инвесторлармен 200 миллиард теңгеден асатын нақты жобаларға қол қойдық. Жиынды ұйымдастыру барысында әкімдік тарапы да бізді барынша қолдады», – деді «Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы Азаматхан Әміртай.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

КӘСІПКЕР МЕН ИНВЕТОРҒА ҚОЛДАУ БАР

Алматыда өз жобасын жүзеге асыруға ниетті азаматтарға мемлекеттік қолдау шаралары туралы кешенді кеңес беріледі

Алматы қаласындағы инвестиция тарту және инвесторларды қолдау жөніндегі аймақтық ұйым – «Almaty Business Development Company» мекемесінде Ашық есік күні өтті.

Аталмыш шара қазіргі және әлеуетті инвесторлармен ашық диалогтың, ағымдағы, перспективалық жобалардың тұсаукесері ретінде ынтымақтастық бағыттарды талқылаудың тиімді алаңына айналды. Қатысушылар Алматы қаласының басшылығымен тікелей байланысып, көкейдегі сұрақтарын қойды.

Басты мақсат – инвестициялық жобаларға кеңес беру және қолдау көрсету арқылы қызметтердің толық кешенімен таныстыру. Әсіресе, қала экономикасының басым салаларына көңіл бөліп, инвесторларды мемлекеттік және өңірлік қаржыландыру бағдарламалары бойынша ақпараттандыру, жобаларды жүзеге асыру барысында кешенді қолдау көрсету назарға алынған.

«Қазіргі таңда жобаларға бағытталған жалпы инвестиция сомасы 3,5 трлн. теңгеден асады. Қала экономикасының басым салалары – приоритетті бағыттар. Соның ішінде көш бастап тұрған – өңдеу өнеркәсібі саласы. Алматыда дәл қазір екі негізгі – индустриялық аймақ пен арнайы экономикалық аймақ белсенді жұмыс істеп жатыр. Биыл осы өңдеу өнеркәсібіне қатысты 45 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Сонымен қатар, біз мемлекеттік қаржылық және қаржылай емес қолдау шараларына қаланың тұрғындарын көбірек тартқымыз келеді. Осы мақсатта «Almaty Business Development Company» қалалық компаниясының негізінде қалалық фронт-

офис құрылды. Архитектура, қала құрылысы, техникалық шарттар алу сияқты мәселелер бойынша жоғары білікті мамандардың қатары жеткілікті. Бұл арқылы кәсіпкерлер мен инвесторларға кешенді қолдау көрсетіледі», – деді Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Алишер Сатыбалдиев.

Спикердің айтуынша, 2025 жылдың алғашқы бес айында қалаға тартылған инвестициялар көлемі 800 млрд. теңгеден асқан. Сондай-ақ, «Almaty Business Development» кеңсесінде әр сенбі сайын мамандар жиналып, креативті индустрия, туризм, денсаулық сақтау секілді бірнеше салалар бойынша Алматыда өз жобасын жүзеге асыруға ниетті азаматтарға мемлекеттік қолдау шаралары туралы кешенді кеңес береді.

– 2023 жылы тек инвестицияларға бағытталған арнайы компания құрылды. 2024 жылы 2 трлн. теңге инвестиция тарту жоспары орындалды. Биылғы мақсат – 2,2–2,4 трлн. теңгеге инвестиция тарту. Осы мақсатқа жету үшін тау кластерін, өңдеу өнеркәсібін, цифрлық секторды дамытуға назар аудардық. Сонымен қатар, әкімдік тарапынан қолдау ретінде 50,2 млрд. теңге бөлінді. Инвесторларға бірнеше жеңілдіктер қарастырылған: 1. «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы жүзеге асатын кешенді бағдарлама: жеңілдетілген несие беру, пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, банктік кепілдік (85% -ға дейін); 2. Almaty Finance және «Алматы» микроқаржы ұйымы сияқты қалалық қаржы институттары: шағын өнеркәсіпті 7 жылға дейін жылына 6%-бен 500 млн. теңгеге дейін қаржыландыру; 3. «Алматы» МҚҰ жеке және заңды тұлғаларға 1–70 млн. теңге аралығында несие береді, – деді Алишер Сатыбалдиев.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТҰСАУКЕСЕР

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕТІН ТУЫНДЫ

Достық үйінде Ақмарал Арыстанбекованың «Facets of diplomacy» (Қазақстан дипломатиясының қырлары) атты кітабының тұсаукесері өтті.

Досбол
АТАЖАН

Көрнекті қазақ дипломаты, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, БҰҰ жанындағы Қазақстанның тұңғыш тұрақты өкілі Ақмарал Арыстанбекова Қазақстан дипломатиясының тарихына қатысты жаңа кітабын таныстырды. Іс-шараға Алматыдағы БҰҰ өкілдері мен өзге мемлекеттердің Қазақ-стандағы елшілері қатысты.

– Бұл кітап – жәй ғана оқиғалар тізбегі емес. Бұл – елдің тағдыры шешілген, күрделі де тарихи кезеңдегі Қазақстанның халықаралық байланыстарының қалыптасуы туралы жазылған көркем-деректі шежіре. Кітапта 1980 жылдардан бастап 1991 жылдың желтоқсанында Тәуелсіздік жарияланғанға дейінгі уақыт қамтылған, – деді Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елші – ҚР СІМ Алматы қаласы Өкілдігінің басшысы Жәнібек Әбрашов.

Кітаптың бірінші бөлімі халықтық дипломатияға арналған. Мұнда автор Қазақстанның өзге елдермен достық және мәдени байланыстары жайлы бірегей құжат материалдарымен, фотосуреттерімен және естеліктерімен бөліседі. Бұл бөлімнің құндылығы – материалдардың басым бөлігі автордың жеке мұрағатынан алынған. Кітаптың екінші бөлімі Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінің тәуелсіздік жарияланғанға дейінгі күрделі кезеңдегі қызметіне арналған. Мұнда дипломатиялық құрылымдардың қалай қалыптасқаны, қандай қиындықтармен бетпе-бет келгені баяндалады.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

АЛМАТЫҒА BACKSTREET BOYS КЕЛЕДІ

Қазақстанда алғаш рет аты аңызға айналған эстрадалық топ Backstreet Boys-тың эксклюзивті концерті өтеді.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Қала күніне орай оңтүстік астанамыздың тұрғындары үшін бұл концерт ресми мерекелік бағдарлама әрі айтулы мәдени сый болмақ. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Backstreet Boys ТМД бойынша өзге елдерге гастрольге шықпайды, тек Қазақстанда ғана өнер көрсетеді. Іс-шараны ұйымдастырушылар – First Media Group және Astana Concert. Еліміздің шоу-бизнесіндегі жетекші бұл екі компания әлемдік деңгейдегі халықаралық әртістермен жұмыс істеуде ұзақ жылдық тәжірибеге ие. Ал концертті ұйымдастырудағы бас серіктес – Halyk банк.

«Біздің банк үшін Backstreet Boys-тың Алматыдағы концертіне бас серіктес ретінде қатысуымыз –

Қазақстанның ойын-сауық индустриясындағы маңызды кезеңдердің бірі. Backstreet Boys өткен ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында поп-музыкаға зор әсерін тигізіп, бірнеше хит әні әлемдік буынның жадында жазылып қалған. Мұндай деңгейдегі жұлдыздардың Қазақстанға келуі еліміздің рухани мәдениетінің жаңа деңгейіне көтерілгенін білдіреді», – деді Halyk банк басқарма төрағасының орынбасары Андрей Заварзин.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман ХАЛБЕКОВ,
Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары:
Мәдени өмірге қызығушылық артып келеді

Алматы – еліміздің рухани астанасы, Орталық Азияның мәдени орталығы. Алты ай ішінде Алматыда ұйымдастырылған 160-тан астам ірі мәдени іс-шараны тамашалауға 800 мыңға жуық көрермен келді. Бұл алматылықтардың рухани өмірге деген шынайы қызығушылығын білдіреді. Мәдениетпен тығыз байланысты жиындардың 85%-ын мемлекеттік бюджеттен қаржы шығармай, жеке компаниялармен бірігіп өткіземіз. Алматы әлемдік деңгейдегі әртістердің өнер көрсететін бірегей алаңына айналды. Биыл алматылықтар үшін қала күніне орай әдеттегідей өте ауқымды бағдарлама әзірлеп жатырмыз. Қыркүйек айында түрлі буынға бағытталған көрмелер, фестивалдер, руханият пен мәдениетке негізделген іс-шаралар өткізіледі. Ал Backstreet Boys-тың концерті нағыз эксклюзивті шоу болмақ.

ӘКІМ

Қоғамдық көлікті басқару:

ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК

Шаһар басшысы қалалық автобус және троллейбус парктерінің жағдайын тексерді

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары аясында қалалық қоғамдық көлік инфрақұрылымының ахуалын саралап, автобус және троллейбус парктерін аралады. Сапар барысында шаһар басшысы техникалық жағдайды көзбен көріп, жолаушыларға қызмет көрсету сапасына ерекше назар аударды.



Қала әкімі ең алдымен Алмалы ауданында орналасқан, жалпы аумағы 4,2 гектарды құрайтын троллейбус паркіне барды. Мұнда 212 жаңа троллейбус күнделікті жолаушылар тасымалдауда. Бұл көлік түрін тәулігіне 130 мыңға жуық адам пайдаланады.

Коммуналдық кәсіпорын «Алматыэлектротранс» кабельдік және контактілік желілер мен трансформаторлық қосалқы станцияларды жаңарту жұмысын жүргізіп жатыр. Дегенмен, парк инфрақұрылымы – жөндеу аймағы, қоймалар мен диспетчерлік ғимараттар – 1960 жылдардан бері күрделі жөндеуден өтпеген. Осыған орай, қала әкімі кәсіпорын директоры Александр Бейсембиевке жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді тапсырды.

Әкімнің келесі бағыты Түрксіб ауданындағы №1 және №2 автобус парктері болды. Бұл парктерде көлік жуу кешендері, жүргізушілерге арналған жатақханалар және басқа да инфрақұрылым нысандары орналасқан.

№1 автобус паркінде 300 газбен жүретін автобус жұмыс істейді. Мұнда жаңа газ құю станциясы, инженерлік желілерді толық жаңарту және жуу кешенін салу 2025 жылдың соңына дейін жоспарланған. №2 паркте 320 автобус тіркелген. Биыл мұнда газ станциясы мен жатақханаларға жөндеу жүргізіледі.

Бүгінде «Алматыэлектротранс» кәсіпорнының құрамында 5 автобус паркі, 1 троллейбус паркі және мектеп автобустары паркі бар. Қалада 2435 қоғамдық көлік құралы тіркелген. Алайда, жанармай инфрақұрылымы мәселесі – өзекті күйінде қалып отыр. 8 газ құю станциясының кейбірі жаңартуды қажет етеді, жаңа көліктердің келуіне байланысты қосымша автопарктер салу қажеттілігі туындап отыр.

Сапар барысында Дархан Сатыбалды қоғамдық көлікті басқаруда логистикалық тиімділікке басымдық беру қажеттігін атап өтті: «Автобус маршруттарын автопарктерге дұрыс бөлу керек. Яғни көлік өз бағытына алыс жерден бос жүріп бармауға тиіс. Сондай-ақ, біз қаланың батыс және шығыс бөліктерінде, әсіресе, Наурызбай ауданында, болашақ полиорталықтар аясында автопарктерге арналған жер телімдерін алдын ала қарастыруымыз қажет», – деді әкім.

Сапар қорытындысында қала басшысы Қалалық жоспарлау басқармасына жаңа автопарктер үшін жер телімдерін белгілеуді, ал құзырлы басқармаларға жобалық-сметалық құжаттаманы жедел әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар, жеке инвесторларды тарта отырып, газ құю станцияларын жаңарту және жаңасын салу мәселесін қарастыру міндеттелді.

Әзірлеген
Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

БЕРЕШЕГІ БАРЛАРҒА – ҚАТАҢ ШАРАЛАР

Шаһарда жылу энергиясы мен ыстық су үшін ақы төлемегендерге қатысты өндіріп алу шаралары күшейтілді

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС қала тұрғындарын жауапкершілік танытуға, қарызды жинамай, жылумен жабдықтау қызметін уақытылы төлеуге шақырады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда жылу энергиясы мен ыстық су үшін ақы төлемегендерге қатысты өндіріп алу шаралары күшейтілді. Алматы жылу желілері жылу энергиясы үшін миллиардтаған қарызды төлемеген тұрғындардан берешегін сот арқылы өндіріп алады. Осы үдеріс аясында мүлікке және банктік шоттарға және шетелге шығуға тыйым салынады. Сонымен қатар, қарызды толық өтемейінше оларға ыстық су беру тоқтатылады. Қазіргі уақытта қала тұрғындарының «Алматы жылу жүйесі» ЖШС алдындағы жалпы қарызы 2 млрд. теңгеден асып отыр.

Коммуналдық қызметті жеткізушінің заңды талаптарына қарамастан, тұтынушылардың бір бөлігі төлемнен жалғастыруда. Биыл жыл басынан бері 600-ден астам абонентке ыстық су беру тоқтатылды. Сонымен қатар, 3345 заңды тұлға сотқа дейінгі талаптар жолданған. Жалпы, 5184 тұрғынға қатысты қарызды өндіріп алу жұмыстары жүргізілуде. Сотқа талап-арыздар беріліп, нотариустарға атқарушылық жазбалар жасату үшін өтініштер жолданған.

Бүгінде сот орындаушылары қарызды өндіріп алу бойынша шараларды жалғастыруда. Коммуналдық қызметке төлем жасамаған 1754 борышкерге қатысты шектеу шаралары қабылданды: 926 борышкердің мүлкіне тыйым салынды (жылжитын және жылжымайтын); 822 банктік шот бұғатталды; 254 борышкерге қатысты Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуға тыйым салынды; 144 азаматтың жалақысы мен өзге де табысынан берешек ұсталды.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Алматының байырғы аудандарының бірі – Жетісу ауданы қазір күн санап құлпырып келеді. Өндіріс пен кәсіпорын ошағы саналатын аудан Алматының негізгі донорларының бірі. Мұндағы өндіріс ошақтары Алматының барлық саласын қамтамасыз етеді. Дәл қазір Жетісу ауданы аумағы жүйелі түрде жаңғыртылып, қауіпсіз әрі жайлы орта құру бағытында нақты қадамдар жасалып жатыр. Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында аудан басшысы Ләззат Жылқыбаева ауданның тыныс-тіршілігі, даму бағыты туралы әңгімелеп, келесі күні БАҚ өкілдеріне арнайы баспасөз турыын ұйымдастырды.

Инженерлік желілер жаңғыртылып жатыр

Қазіргі таңда Жетісу ауданында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту мен дамыту жөніндегі кешенді бағдарлама іске асырылып жатыр. Мәселен, мұндағы қызу жұмыстың дені – сумен жабдықтау, кәріз желілері, жылумен жабдықтау сынды жүйелерді жаңғырту жұмыстарын қамтып отыр. Аудан басшысы алдымен БАҚ өкілдерін «Киикбай Строй Сервис» ЖШС мердігерлік ұйымы жүргізіп жатқан Потанин мен Нүсіпбеков көшесінде құрылыс-монтаждау жұмыстарымен таныстырды.

– Аудан тұрғындарын сапалы сумен және кәріз желісімен қамтамасыз ету аумақты кешенді дамыту шеңберіндегі басты міндеттің бірі болып отыр. Осы заманға инженерлік инфрақұрылымды құру санитарлық-экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етіп, жайлы өмір сүру деңгейін арттырады. Қазіргі уақытта жаңа коммуналдық желілерді салуға бағытталған ауқымды инженерлік жоба іске асырылып жатыр. Осы ретте аудан аумағының 120-дан астам көшесін қамтитын 26 шақырым сумен жабдықтау мен 72 шақырым кәріз желісін салу көзделіп отыр. Жобаның мақсаты – тұрғындарды сумен жабдықтап, кәріз қызметін қолжетімді ету, – деді аудан басшысы.

Қазіргі уақытта осы жоба шеңберінде 15 көшедегі құрылыс жұмыстары аяқталып, сумен жабдыкталды. Сондай-ақ, кәріз желісі пайдалануға беріліп, барлық нысандар ары қарай қызмет көрсету мақсатында «Алматы Су» МКК меншігіне берілді. Коммуналдық инфрақұрылымды одан әрі дамыту мақсатында тағы 11 көшеде сумен жабдықтаудың инженерлік желілерін беру бойынша дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұған қоса, «Алматы Су» коммуналдық кәсіпорны сумен жабдықтау мен су бұру инженерлік желілерін реконструкциялау бойынша жалпы ұзындығы 3,6 шақырымды құрайтын тағы 6 жеке жобаны іске асыра бастады. «Алматы жылу желілері» ЖШС қызметі шеңберінде «Айнабұлақ-1» ш/а жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту бойынша 2 жоба іске асырылса, жаңартылатын жылу желілерінің жалпы ұзындығы 954 метрді құрайды.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын «АС Строй» ЖШС және «Емах

Жетісу ауданы:

КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМА, НАҚТЫ ҚАДАМДАР



сотрапу» мердігерлік ұйымдары жүзеге асырып жатыр.

Көше шамдары жарқырап тұр

Сыртқы жарықтандыру жүйесін жаңарту – маңызды басымдықтың бірі. Қалалық бағдарламаларды іске асыру мен инфрақұрылымға салынған инвестициялар нәтижесінде ауданның кешкі және түнгі келбеті айтарлықтай өзгеріп жатыр. Мәселен, көше мен аулалар, қоғамдық орындар жаңа, үнемді және біркелкі жарықпен қамтыла бастады.

Қазіргі таңда Жетісу ауданында 20 344 жарық нүктесі жұмыс істейді. Оның ішінде 13 793-і – энергия үнемдейтін LED шамдар, ал 6551-і – ескі үлгідегі консольді шамдар (ЖКУ). 171 сыртқы жарықтандыру шкафы (ШУНО) жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп отыр. Әкімнің айтуынша, ескі шамдарды жөндеп, LED шамдарға ауыстырып, жарықсыз қалған көшелерді жарықпен қамту жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатыр. Қазір 22 көшен толық жарықтандырылып біткен, тағы 94 көше мен өткелде жұмыс жалғасып жатыр. Барлығы 116 учаске қамтылды. Әрине, энергия тиімділігі де аудан үшін басты назардағы мәселенің бірі. Мәселен, «Көкжиек», «Айнабұлақ» ықшамаудандарында, Райымбек – Сүйінбай – Рысқұлов даңғылдары шеңберінде ескі сарғыш шамдар осы заманғы LED шамдарға алмастырылған. Бұл жарық сапасын жақсартып қана қоймай, энергия шығынын азайтуға, экологиялық әсерді төмендету-

ге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, сыртқы жарықтандыруды кеңейтуге бағытталған екі ірі жоба іске асырылып жатыр. Біріншісі – 33 көшені қамтыса, екіншісі – 11 учаскедегі тротуарлар мен саябақтарға бағытталған. Бұл жобалар аясында 66 шақырым кабель, 824 жарық тіреуі, 1300 шам және 2900 торшер орнату жоспарланған. Бұл өз кезегінде аудандағы негізгі көшелер мен демалыс аймақтарының қауіпсіздігін арттырады. Қаланың эстетикалық келбетін жақсарту мақсатында Жетісу ауданында архитектуралық-фасадтық жарықтандыру жобасы қолға алынып отыр. Бірінші кезеңде 29 ғимарат, оның ішінде 9 әлеуметтік нысан мен 20 көпқабатты тұрғын үй жарықтандырылатын болады. Бұл жоба кешкі және түнгі уақытта ауданға ерекше көрік беріп, оның тартымдылығын арттырады.

Жалпы алғанда, жарықтандыруды дамыту бойынша жүргізіліп жатқан кешенді шаралар Жетісу ауданындағы 200 мыңға жуық тұрғынның өмір сүру сапасын жақсартып, қауіпсіз әрі үйлесімді қалалық кеңістікке айналдыруға бағытталып отыр.

Сенім мен қолдау орталығы

Келесі кезекте аудан басшысы бастаған арнайы топ Жансүгіров көшесі, 65 мекенжайында орналасқан «Бақытты отбасы» Отбасын қолдау орталығына келді. Қазір аталмыш Орталық Жетісу ауданының тұрғындарына тиімді де тұрақты әлеуметтік қолдау көрсету

бойынша жүйелі жұмыс атқарып отыр. Аудан әкімі Ләззат Жылқыбаева бұл бағыттағы негізгі шаруа – отбасылық институтты нығайту, өмір сапасын арттырып, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау болып қалып отырғаны жөнінде әңгімеледі. Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтарында Орталықта күрделі жөндеу жұмысы аяқталып, жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, тұрғындарға қажетті қызметті көрсету үшін барлық жағдай жасалған көрінеді.

«Орталық жүздеген отбасы үшін сенімді тірекке айналды. Мұнда өмірдегі маңызды мәселелер бойынша кешенді көмек көрсету – кеңестен бастап қиын жағдайда сүйемелдеу жағы да ескерілген. Қазір орталықта 475 адам тіркелген, оларға 4370-тен астам әлеуметтік, психологиялық, құқықтық қызмет көрсетілді», – деп атап өтті Ләззат Әуезханқызы.

«Бақытты отбасы» орталығында тренингтер, отбасылық клубтар, дәрістер мен жеке кеңестер ұйымдастырылып, әр адамның өзін сенімді, қауіпсіз сезінуіне көмек беріледі. Яғни «Бақытты отбасы» – бұл жәй ғана мекеме емес, бұл – сенім мен қолдау орталығы.

Сонымен қатар, пресс-тур аясында аудан зейнеткерлеріне кең ауқымда қызмет көрсететін «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының жұмысы да таныстырылды.

Қоғамдық кеңістік оазиске айналады

Дәл қазір Алматыда жайлы қалалық ортаны қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Осы ретте ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысындағы жолайрығына іргелес 3 гектар аумақта қоғамдық кеңістікті абаттандыру жобасы жүзеге асырыла бастаған еді.

Аудан әкімдігінің бастамасымен жолайрық маңында орналасқан сегіз учаскеде кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, олардың әрқайсысы жер бедері мен сәулетіне қарай әртүрлі болып безендірілмекші. Қазір бұл жұмысқа өз секторына жауапты төрт мердігер ұйым тартылған. Бұрын бос, қараусыз жатқан аумақта енді ыңғайлы демалыс аймақтары, балалар мен спорт алаңдары ашылып, кіші архитектуралық формалар, осы заманғы жарықтандыру

жүйесі мен бейнебақылау камералары орнатылатын болды.

«Біз аумақты да, тұрғындардың ұсынысын да мұқият зерттедік. Жалпы, кеңістік төрт негізгі аймаққа бөлінген. Әсіресе, көгалдандыруға көп көңіл бөлінді. Сәтін салса, 30 000 шаршы метрден астам жерге жасыл желек егіледі. Сонымен қатар, инклюзивті және қауіпсіз инфрақұрылым құруға да мән беріп отырмыз. Балалар мен спорт алаңдары, бейнебақылау камералары, ауызсу бұрқақтары мен бұрғылау ұңғымалары арқылы автоматты суару жүйелері орнатылады», – деді Ләззат Жылқыбаева.

Жобаның басты ерекшеліктері – ірі ағаштар мен бұталар егіп, альпілік төбешіктер орнатылады. Бүкіл аумақты тұрақты суару үшін 7 ұңғыма қазып, әткеншектер, орындықтар мен гүл аркалары бар демалыс орындарын жабдықтап шығады. Бейнебақылау, жарықтандыру мен тротуар инфрақұрылымын жасап, сондай-ақ ойын алаңдарын орнатады.

«Гүлдер» саябағы абаттандырылуда

Баспасөз туры барысында БАҚ өкілдері «Гүлдер» саябағындағы абаттандыру жұмысымен танысты. Саябақты жөндеу мен абаттандыру жобасын іске асыру осы жылдың мамырында басталған.

Жоба мақсаты – аудан тұрғындары мен қонақтарына арналған жайлы әрі экологиялық таза демалыс аймағын құру. Осының аясында кешенді көгалдандырып, инфрақұрылымды жақсартып, аумақты эстетикалық келбетін арттырғалы отыр. Жалпы, абаттандыру жұмысы 13 гектарды қамтыса, мұндағы жұмыс қыркүйекте аяқталады. Мұнда лаванда алқаптары, серуендейтін жолдар, декоративті аркалар жасалып, үш тоғанды лотос гүлімен, тірі балықтармен безендірілетін болады.

Сонымен қатар, саябақ аумағында бұрғылау арқылы су шығаратын автоматты суару жүйесі орнатылады. Саябақ ішінде фотоаумақтар жасалып, жағалай камера орнатылатын болады.

Бетті
әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚУЫРШАҚ КЕЙПІНДЕГІ ҚАУІП

ұрпақ санасын улайтын идеологиялық құрал ма?

Лабубу – соңғы бір жылда бүкіл әлемнің балалары мен жасөспірімдерінің жүрегін жаулап алған жұмбақ қуыршақ. Сүйкімділік кейпіндегі жасырын қауіп жайлы не білеміз? Кішкентай, түрлі-түсті, анимациялық кейіпте жасалған бұл қуыршақты көпшілік жәй ғана сәнге айналған ойыншық деп қабылдайды. Алайда, сырты тартымды келбетінің ар жағында не жасырынғанын байқайтындар аз. Бүгінде Лабубу әлем бойынша 400 миллион доллардан астам табыс әкеліп, миллиондаған үйден орын алды. Бірақ бұл қуыршақ жәй ермек пе, әлде ұрпақ санасын улайтын, ішкі қатыгездікті насихаттайтын идеологиялық құрал ма?

ТЕЗ ТАРАЛҒАН ТАНЫМАЛДЫҚ

Лабубу алғашында Қытайда жасалған «The Monsters» топтамасындағы кейіпкерлердің бірі ретінде пайда болды. Алайда, бұл ойыншықтың сырт келбеті (өткір тістер, жансыз жанар, үрей туғызар күлкі) балаларға арналғанынан гөрі ересектерге бағытталған өнім екенін аңғартатын секілді. Бүгінде TikTok, YouTube және Instagram сынды плат-

формаларда лабубу туралы контенттер толып жатыр. Тіпті блогерлердің өзі сән ретінде сөмкелеріне тағып, топтамаларын жинап жүргендерін көрсетуде. Оның түр-түрін жинау, коллекциялау сәнге айналды. Алайда, мәселе мынада – бұл қуыршақ тек сән емес, сананы сіңірудің құралына айналған сыңайлы.

Лабубу – жануар да емес, періште де емес. Ол – нақты бір жанрға жатпайтын, адамның қорқынышын тудыратын гибрид бейне. Дизайны әдейі агрессия мен қатыгездікті бейнелеу үшін жасалған. Ұзын тырнақтар, өткір тістер, зұлым күлкі – баланың бейсанасына «қатыгездік – қалыпты, сүйкімді» деген түсінік береді. Бұл қуыршақтың болмысын зерделесек – ойыншықтың балаға агрессияны эстетизациялау арқылы оның жаман мен жақсыны ажырату қабілетін бұзу миссиясын бағамдаймыз. Баланың жаны қорқынышты нәрселерге еліктей бастайды, соған бой үйретеді. Бұл – бейсаналық деңгейдегі зор идеологиялық әсер.

- Балалар үшін ең қауіпті нәрсе – өз еркімен зұлымдықты жақсы көре бастауы. Ата-аналар мұны байқамауы мүмкін.
- Лабубу – баланың ойыншығы емес, оның санасына жасалған шабуыл. Баланың өміріне кіргенде тек ойыншық ретінде ғана емес, бүкіл эмоциялық әлеміне әсер ететін объектіге айналады.
- Ата-аналар кез келген ойыншықты баласына сатып әпермес бұрын оның «бағасы қанша?» емес, «тәрбиелік мән-маңызы



Сурет: ЖИ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекзат ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ,
психолог:

ЭМОЦИЯЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫС ТУЫНДАЙДЫ

Қазіргі таңда балалар тек отбасы мен мектептен ғана емес, мультфильм, ойыншық, әлеуметтік желі сияқты ақпарат көздерінен де тәрбие алып жатыр. Осы ретте визуалды образдардың маңызы өте зор. Әсіресе, жас ерекшелігіне байланысты баланың санасы шындық пен қиялды, жақсы мен жаманды айырып үлгермеген кезде, оның айналасындағы бейнелер мінез-құлық пен дүниетанымға әсер етеді. Лабубу сынды кейіпкерлерде зұлымдық ашық айтылмайды, ол бейсаналық түрде баланың қабылдауына енеді. Тіпті «қорқынышты, бірақ күлкілі» бейнелер арқылы балада эмоциялық қақтығыс туындайды – бір жағынан күлкі тудырады, екінші жағынан алаңдатады. Бұл – баланың ішкі тұрақтылығына теріс ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар, мұндай ойыншықтар бала үшін қауіпсіздік символы бола алмайды. Керісінше, олар мазасыздықты қалыптастырып, кей жағдайда жалғыздық пен агрессияны күшейтеді. Бала ойын арқылы өзін және әлемді таниды. Егер сол ойынның ішінде қауіп, қорқыныш немесе теріс энергия жиі қайталанса – бала әлемді де дәл солай қабылдай бастайды. Сол себепті, ата-аналар ойыншық таңдау барысында тек сыртқы тартымдылыққа емес, оның баланың ішкі дүниесіне қандай әсер беретініне де мұқият болуы қажет. Кез келген образ – бала санасына құйылатын ақпарат. Қуыршақ – жәй ғана пластик емес, психологиялық код.


қандай?» деген сұраққа жауап іздегені жөн.

БАЛА НЕГЕ ӨЗГЕРІП КЕТТІ?

Ата-аналар көбіне баласының психикасындағы өзгерістерді кездейсоқтық немесе жас ерекшелігі деп қабылдайды. Алайда, баланың түнде жаман түс көруі, ызақорлық, өз-өзіне немесе өзгеге зиян келтіруге бейімділік – мұның бәрі көрген-білген ақпаратқа байланысты дамиды. Сырттай сүйкімді көрінетін бұл қуыршақ баланы қатыгездік пен қорқынышқа бой үйретіп, жын-періге қызықтырып жіберуі мүмкін. Өйткені, Лабубу тек ойыншық емес – ол мультимедиялық образ, яғни айналасында музыка, видео, комикс, тіпті тауарлар арқылы тұтас әлем құрылған.

«Бұл ойыншықты кім жасап жатыр және не үшін?» деген сұрақтар туындайды. Лабубу кейіпкерін өндіріп, әлемге таратып жатқан – Pop Mart деп аталатын компания. Бұл – ойыншықты жәй ғана сату емес, тұтыну культін қалыптастыру арқылы адамның эмо-

циясын, талғамын басқаруға ұмтылған бизнес. Көп сарапшылар аталған трендтің артында батыстық медиамәдениет пен тұспалды идеология тұрғанын айтады. Голливуд тек фильм түсірмейді. Ол – қиял арқылы сана қалыптастыратын әлем. Қазір олар қатыгездікті сүйкімді етіп көрсетуді жаңа деңгейге шығарды. Бұрын жын-перілер қорқынышты етіп берілсе, енді олар «сүйкімді», «талғамды» бейнеде жасалады. Лабубу соның айқын мысалы.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ.

ҮЙІРМЕ

Шеберлік сабағы:

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗҒАЛДАҚТАРЫ»

Танымдық дәріс жас өскіннің табиғатқа деген құрметі мен жанашырлығын қалыптастырады



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінде «Ұлы дала қызғалдақтары» деген тақырып шеңберінде мәдени-ағартушылық іс-шара өтті. Онда қызғалдаққа ерекше назар аударылды. Ал бұл гүлдің отаны – біздің ел.



Нұржамал
ӘЛІШ

Танымдық іс-шара барысында гипс мүсіншісі Юлия Пицкы шығармашылыққа жақын балаларға шеберлік сабағын өткізді. Кішкентай достарымыз гипстен жасалған қызғалдақтар мен киіз үйлерді бояды.

Диалог түрінде өткен шеберлік сабағында мүсінші өрендерге қызғалдақтар туралы көптеген қызықты мәліметтер айтып, табиғат тамашасы ту-

ралы балалардың не біліп, не түйгенін пысықтау мақсатында оларға түрлі сауал қойды.

Осы іс-шараның соңын ала, музейдегі «Жас шебер» үйірмесінің аясында өткен «Қазақстанның қызғалдақтары» тақырыбындағы сабақ та жеткіншектердің таным-түсінігін кеңейткені анық. Сабақ барысында балалар еліміздің бай флорасымен танысып, жабайы қызғалдақтардың отаны дәл біздің Қазақстан екенін білді. Оларға «Қызыл кітапқа» енген сирек және жойылып бара жатқан қызғалдақ түрлері туралы мағлұматтар беріліп, экологияны, табиғатты қорғау және биологиялық әртүрлілікті сақтаудағы адамның рөлі туралы танымдық сабақ өткізілді.

«Жас шебер» үйірмесінің практикалық бөлімінде балалар қызғалдақтардың бейнесін аппликация арқылы жасап, көктемгі композициялар мен ашық хаттар дайындады. Айта кетейік, қағазбен, түспен және пішінмен жұмыс істеу қолдың ұсақ моторикасы мен ой-қиялды дамытып қана қоймай, жас өскіннің табиғатқа деген құрметі мен жанашырлығын қалыптастырады.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Кино – идеология құралы. Әркім өзіне керегін алады. Қазақ өнері құлттық менталитеттің бейнесі. Сондықтан мәдениет деңгейін биік ұстау парыз. Каскадер – қиыннан қиыстырып, ойламаған ғажайыпты істейді. Сөйтіп, елді таңқалдырады. Көлеңкеде жүретін өнер сияқты болғанымен, киноны қызықты ететін осы жандар. Қазақ өнерпаздары әлемге танылып, талай атақты фильмдердің көрігін қыздырып келеді. Мұны біреу білсе, біреу білмейтін шығар. Дүние жүзіне мәшһүр Hollywood, Bollywood кинокартиналарында қазақ оғландарының елеулі үлесі бар. Каскадерлік өнердің қыр-сырын жақынырақ білу үшін Nomad Stunts кәсіби каскадерлер халықаралық тобының басшысы Жайдарбек Күнғожинов мырзаны сұхбатқа тартқан едік.

Жайдарбек КҮНҒОЖИНОВ,
Nomad Stunts кәсіби каскадерлер
халықаралық тобының басшысы:



ҚАЗАҚ ӨНЕРІ КӨШ БАСТАП ТҰР

ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАУҒА 10 ЖЫЛ УАҚЫТ КЕТТІ

– Қазақ елінде каскадерлік өнер қалай қалыптасты?

– 1992 жылы алғашында екі жігіт қолға алды. Екеуі қазақ-қырғыз каскадерлік тобында жұмыс істеді. Қазақстанда жеке топ болмаған-тұғын. Ресей, Қырғызстан сияқты елдерден каскадерлер келіп, өнер көрсетіп жүрді. Біз 2000 жылы қазақтың каскадерлік тобын құрдық. Әртүрлі спортшы, цирк өнерпаздарынан қазақ жігіттерін жинап, жұмысты бастап кеттік.

Алғашқыда қиынға соқты. Әдепкіде ат үстінде емін-еркін отыратындарды іріктедік. Бізге үйрететін ешкім жоқ. Өз өзімізді шыңдап, қорғаныс киімін кие бастадық. Кино-фильмдерді көріп, жан-жақты тәжірибе жинақтай бердік. Сонымен қатар, ұрыс жекпе-жегін, көлікте тәсіл жасау, бәрі-бәрін зерделедік. Деректі фильмдерді зерттеу арқасында каскадерлік өнердің құпиясын таптық.

– Каскадер болуды бала кезден армандадыңыз ба?

– Өзім ауылда туып-өстім. Каскадер дегеннің не екенін де білмейтінмін. Аттың құлағында ойнамасқ та, тәуір тізгіндейтінмін. Сөйтіп, циркте өнер көрсете бастадым. Соның ішінде атты акробатикада істеп жүрдім. Осылай әдіс-тәсілдері көрсетудің арқасында күміс, алтын жүлде иелендім. Мұны одан әрі дамытуды дйттеп, каскадерлік өнерді игеруге кірістік. Әуелгіде 9 адам едік. Ол кезде ешқандай қорғаныш құралдары болмады, ат тапшы, ешкім бұл өнердің қыр-сырын жетік меңгермеген-тұғын. Бастапқы 5 жыл ішінде Америка Құрама Штаттарының жобасына еніп алдық. Жалпы шеберлікті шыңдауға 10 жыл уақыт жұмсалды.

– Топтың атауы неліктен Nomad?

– Nomad дегенді ағылшын тілінен қазақшаға тәржімалағанда «көшпенділер» деген мағынаны білдіреді. Дәлірек айтқанда, каскадер-көшпенділер деп аударылады. Біз топ құрмас бұрын Nomad деген атауды ешкім білмейтін. Сонымен, ағылшын, неміс тілдерін зерделей келе халықаралық терминдерге ортақ осы атауға тоқталдық. Жұбайымыз екеуіміз тұңғыш рет логотип ойлап таптық. Ә дегенде қазақи орнамент ойға оралды. Әйелім қолдан сурет сызып отырып, шаңырақ бейнесін бейнелеп, тігіп берді. Солай біртіндеп іске кірістік.

– Сіздерді қай кино шыңдады?

– 2003 жылы «Көшпенділер» тарихи фильміне каскадер ретінде шақырылды. Сол кино картинада АҚШ-тың 4 актері рөл сомдайды. Өзім Куно Беккер, Марк Дакаскос сияқты шетелдің актерлерін дублер жасадым. Оларға қауіпті трюк істетпейді. Атпен құлау сияқты қиын сахналық

көріністерді өзіміз істедік. Ал видео камераға шетел актерлерін ірі пландық рөлге беріп отырды. Осы фильм біздің шеберлігімізді шыңдап, болашаққа баспалдақ бола білді.

«ТАУРУС» – ЕҢ ҮЗДІК ЖҮЛДЕ

– Әлемде қандай каскадерлік топтар бар, қазақ каскадерлік өнері қалай бағаланады?

– Атағы ғаламға таралған шеберлігі асқан каскадерлер көп. Америка Құрама Штаттарында Seven Eleven деген топ бар. Міне, солар мықты. Олардың құрамында 100-ге жуық каскадер бар. Бюджеті миллиондап саналады. Олармен бірге «Неудержимый», «Конан-варвар» кинокартиналарын түсіргенбіз. Мұның қаржылық әлеуеті де зор болды. Сырт елде каскадерлерге уақыт көп беріледі, жағдай жақсы, қаржы мол төленеді. Бізде кино бюджеті аз болған соң, тез-тез түсіреді. Сондай-ақ, дайындыққа аз уақыт бөлінеді. Ал алдағы барайын деп жиналып отырған шетелдік жобаға 6 ай дайындалып, 3 ай түсіреміз. Оған актер дайындау, төбелес сахнасы, риггинг, шынжыр қолданылады. Асықпай дайындалу нәтижесінде жарақат болмайды.

Мақтанғаным емес, бірақ қазақ каскадерлік өнері көш бастап тұр. Бұған тәубе деп қоямыз. Дүниежүзілік киноиндустрияда актерлерге – «Оскар» берілсе, біз каскадерлерге берілетін – «Таурус» ең үздік жүлдесін қанжығамызға байладық. Бұны ең үздік қойылған тәсіл үшін берді. Бізге бұл жүлдені әкелген фильм – «Томирис». Бұл фильмінің режиссері Ақан Сатаев болды. Ал ЭКШН жанрын өзім қолға алып, монтаждау жұмыстарын жүргіздік. Одан кейін Муланда үздік каскадер атандық. Сонымен бірге, «Наполеон», сондай-ақ Голливудтық «Воин пустыни» сияқты киноларда біраз жетістіктерге жеттік. Былтыр Кевин Костнер мен Морган Фриманның 6 бөлімнен тұратын «Серый дом» фильмінде өнер көрсеттік. Онда Америкадағы оңтүстік пен солтүстік соғысы бейнеленеді. Дәл қазіргі таңда да Голливуд жобаларына дайындалу үстіндеміз.

ЖҮРЕКПЕН ОРЫНДАЛҒАН КИНОКАРТИНА МЫҢДАҒАН АУДИТОРИЯНЫ ӨЗІНЕ БАУРАЙДЫ

– Жадыңызда жатталып қалған ерекше сәттерді айтып берсеңіз...

– Қызықты сәт көп бола қоймайды. Көбінесе қиындықтар жиі ұшырасады. Ең қызығы, импровизация көптеп ойға келеді. Бір жолы Ирландияда Натали Портманмен істеген кезде мен каретада оң жаққа құлап жүрдім. Қарсыласпен төбелескенде ол менің мойныма шылбырды

байлайды, сөйтіп атпен құлайтын сахнам болған. Ал Англиядан келген режиссердің айтуынша карета астына құлау керек екенмін. Оны бірақ ешкім байқамады. Universal Pictures кино компания түсіргендіктен дене жарақаттарымды емдетіп берді. Десе де, кино сахнасын соңына дейін сомдадым. Сондай ерекше сәттер болып тұрады. Өйткені, режиссер көбіне монтажға қарайды, орындай алмай қалсаңыз ауыстырып жібереді.

– ЖИ каскадерлік өнерді алмастыруы мүмкін бе?

– Жаңа технологиялардың көмегімен көп тәсілдерді жасауға болады. Әйтсе де, түгелдей кино монтаждау, графика дамыған жоқ. Әлемде 100% каскадердің орнын басатын құрылғы шықпады. Жасанды түрде суретпен бейнелеу бір бөлек, ал шынайы адамның істеген қимылы айрықша екені көрінеді. Егер каскадер жанын салып, киноның көрігін қыздырып, көрерменді баурап жатса, онда ол фильм дүниеге танылады. Өйткені, оны ойнап тұрған актер де, каскадер де шынайы сомдап тұр. Сондықтан жүрекпен орындалған кинокартина мыңдаған аудиторияны өзіне баурайды.

– Бұл салаға ұмтылатын жастарға қандай ақыл-кеңес айтасыз?

– Ең бастысы, шыдамды болу керек. Психологиялық тұрғыдан тұрақтылық қажет. Көбінің төзімі жетпей жатады. Каскадерлік лагерьде жастарды 15 жастан баули бастаймыз. Икемі болса ақырындап үйретеміз. Ал негізінен 18 жастан қатарымызға қабылданады. Кәнігі спортшы болу шарт емес. Дейтұрғанмен, таэквондо, каратэ, джиу-джитсу сияқты спорт түрлерімен кемінде 5-6 жыл айналысқан болса, дұрыс болар еді. Чемпион болу міндет емес. Себебі, дағдыланған қимылды өзгерту қиын. Сонымен қоса, Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген жігіттерді құп көрем. Өзім де әскерде болдым. Ұлымды да әскерге жіберіп алдым. Ол десанттық-штурм бөлімінде қызмет етті. Армияда болған жігіттер басқаша, бөлек әрі шыдамды, айтқанды істейді, темірдей тәртіпке үйренген. Міне, осындай ережеге көнсе, үйренеді.

ҚАЙСАР МІНЕЗ КЕРЕК

– Каскадерлік өнерде тұрақты табыс бар ма?

– Міне, сол жағы қиын. Көбісі каскадерлік өнерге келіп, қаражат аз боп жатса тұрақтамайды. Бастапқыда біраз төзім керек. Оның отбасы да аздаған уақыт әлеуметтік жағдайға шыдап берсе, кейін бәрі жолға қойылады. Каскадер адамның әйелі жарты жыл істеп, жарты жыл жұмыс болмауы мүмкін екенін білуі қажет. Сондықтан басқа жаққа кете алмайсыз, олай

Әлемде 100% каскадердің
орнын басатын құрылғы
шықпады.

болатыны жаттығудан қол үзбеу шарт. Шыдам болса, арасында жарнамаға түсіп табыс табуға болады. Мәселен, бір жылдары жыл бойы жұмыссыз отырдық. Тіпті уақыт болмай, бірінен кейін бір фильм қатар келіп қол тимейтін шақтар да болады.

Каскадерлік ақша табатын бағыт емес. Бұл сіздің өміріңіз. Соған сәйкес жұмыс істеу керек. Ақшаң бар кезде жинап қой, жарты жылға жеткіз. Шыны керек, каскадерлердің біршамасы пәтер жалдап тұрады. Бірақ шетелдердегі мега жобалардың 3-4-еуіне қатысып өнер көрсетсе, алғашқы жарнасын төлеп немесе түбегейлі үй сатып алатындар да бар.

– Өз тарапыңыздан қандай талап қоясыз?

– Әріптестеріме үнемі «байқандар, жарақатқа жол бермеңдер» деп қадағалап жүремін. Екіойлы боп тұрғанша, істемей-ақ қой деймін. Алайда, әдіс-тәсілдерді бастасаң, соңына дейін істеп шыққан жөн. Каскадерге қасқайып қарсы тұратын, шаруаны тыңғылықты орындайтын қайсар мінез керек. Ең негізгісі, жаттығуды үзбеген дұрыс.

Алкоголь, темекі зиянды заттардан аулақ болған абзал. Машығу кезінде диета сақтау керек. Норманы сақтамаудың соңы жарақатқа апарып соғады. Егер трюк дұрыс істей алмаса, бірден шеттетіледі. Содан 1-2 ай дайындап, түзелген соң қайта көреміз.

Қазақтың қыздары да құрамда бар. Қазір қасымызда 8 қыз, 35 ер бала бар. Қыздарға тұрмысқа шықпасын деген талап жоқ. Алайда, физикалық формада ауытқымау керек. Керек десеңіз, тұрмысқа шығып бала босанса да, өмір бақи жаттығудан қол үзбесе болды. Әйелім 4 бала дүниеге әкеліп те, жұмыс істей алды. Аяғына ота жасатқан соң ғана тоқтауға мәжбүр болды.

ЕРТЕГІ ТҮСІРГІМ КЕЛЕДІ

– Өзіңіздің жолыңызды жалғайтын ұрпақтарыңыз бар ма?

– Каскадерлік жолымды үлкен ұлым Темірхан Жайдарбекұлы жалғап келеді. Сол ұлым 5 жасында «Көшпенділер» фильмінде дублер болды. Сонымен бірге, «Моңғол» киносында өнер көрсетті. Мароккода да фильмге түсті. Қазір ол 27 жасқа толды. Бір айдан бері үндіс фильмдерінде координатор боп істеп келеді. Қасында өте мықты жігіттер жиналған.

Осы ұлымды каскадерлік өнердің қыр-сырына баулып жүрмін. Жобаның алдында продюсер, режиссермен қатынас маңызды рөл атқарады. Қанша дегенмен, шығармашылық процесс болып есептеледі. Жаңа, тың әдіс ойлап табу керек болады. Келісім-шартқа дұрыстап келіскен жөн. Тұтас шығармашылық топ саған сенуі қажет. Бұйырса, ұлым өзімнің жолымды жалғайды деген үміт пен сенім бар.

– Алдағы уақытта қандай жаспарларыңыз бар?

– Өзім актер, каскадер болып ойнап жүрмін. Ендігі арманым – ертегі түсіргім келеді. Қазақ фольклорында «жезтырнақ», «жалғыз көзді дәу» дейін персонаждар жетеді. The Walt Disney Company жобаларында да істедім. Мультфильм, ертегіні көп шығарып жатыр. Дәл осы бағытта біз де оң нәтижеге жете аламыз. Қазақтың шығармашылық қауқары мол.

Сұхбаттасқан
Олжас
ЖОЛДЫБАЙ.





Қазақстан ғылымы:

ҮМІТКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК

Жас ғалымдар магистратура мен докторантураны тек «мансаптық қамы үшін» оқи ма?

Бүгінде Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесі үш сатылы – бакалавриат, магистратура, докторантура (PhD) атты еуропалық Болон үдерісіне көшті. Осы орайда ғылымға қадам басқан жастардың жағдайы мен ғылыми кадрларды даярлауда магистратура мен докторантурадағы білім беру деңгейінің мазмұны мен сапасы көпті толғандырмай қоймайды.

Дамыған елдерде бакалавриаттан кейінгі оқу жүйесі – кәсіби тереңдік пен ғылыми ізденіске негізделсе, дамушы елдерде, соның ішінде Қазақстанда, бұл дәреже көбіне әлеуметтік мәртебе, жұмысқа тұрудағы бәсекелестік немесе жәй ғана диплом алу мақсатымен байланыстырылып жатады.

Мемлекет ғылым мен білімді дамытуға ерекше мән беріп отыр. Сондықтан ғылымға бөлінетін қаражат көлемі ұлғайып, түрлі жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, 2024-2025 оқу жылы бойынша магистратураға шамамен 13000, докторантураға 2000-ға жуық грант бөлініпті. Өкінішке қарай, көптеген студент магистратура мен докторантураны тек «мансаптық қамы үшін» оқиды.

Грант саны көп бөлінгенімен, үміткерлер арасындағы бәсекелестіктің жоғары бола-

● **Біріншіден**, ғылыми зерттеудің маңызы кейде екінші орынға қалып қояды.

● **Екіншіден**, елімізде инженерия, ақпараттық технология, жаратылыстану ғылымдарында білікті мамандар жетіспейді.

● **Үшіншіден**, ғылыми мақалалардың шетелдік басылымдарда жариялану талабы мен ағылшын тілін жетік білмеу – ғылымға қызыққандар үшін үлкен тосқауыл.

тыны тағы бар. Дегенмен, аталған мәселелер мен кездескен қиындықтарға қарамастан ғылым мен білімнің даңғыл жолында жүрген қазақ жастарының қазіргі жағдайы қалай?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәдина ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты:

Мен үшін басты қажеттілік – ғылыми орта

Қазіргі бакалаврлық білім әлі де жалғастыруды талап етеді. Магистратура бакалаврда оқыған білімді толыққанды етіп, кәсіби шеберлікті арттырады. Магистратураның дипломы еңбекақының жоғары болуына тікелей ықпал етеді. Жұмысқа орналасқанда да магистрлік дәреженің үлкен септігі болады. Сондықтан бакалаврды тәмамдаған студенттің басым бөлігі магистратураға бірден түскісі келеді. Ғылыммен айналысу жауапкершілікті, еңбекқорлық пен адалдықты талап етеді.

Кейде магистратура мен докторантураның шәкіратақысына ғана қызығып оқуға түсіп алатындар аз емес. Ғылыми кадрларды даярлауға бөлінетін қаражат білімнің көкжиегіне, ғалымдардың жаңалық ашуына жұмсалуды тиіс. Өзім докторантурада оқитындықтан, ең басты қажеттілік – ғылыми орта. Ғылыми орта болмаса, ғалым болып өсу де, ғылыми көзқарастың қалыптасуы да қиын.

Әлия ОСПАНҚЫЗЫ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің PhD докторанты:

Барлық мүмкіндік бар

Еліміздегі жоғары оқу орындарында жас ғалымдар үшін барлық стандарттарға сай, әлемдік деңгейде зерттеу жұмыстарын жүргізе алатындай жағдай жасалған. Абай атындағы ҚазҰПУ докторанттық білім беру бағдарламасы жаңартылған стандарттарға сәйкес, отандық және шетелдік кеңесшілермен тақырып бекіте отырып, бекітілген жол картасы негізінде жұмыс істейді. Отандық кеңесшім ф.ғ.д., профессор Қалбике Есеновамен ақылдаса отырып, виртуалды қатысымдағы тілдік этикет туралы диссертациялық еңбек жазу мен зерттеу жүргізу жұмыстарын бастадым.

Бүгінгі жаһандану, әлеуметтік желінің қолданылу аясының кеңдігі тарапынан бұл тақырыпты зерттеу жан-жақты ғылым салаларымен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Scopus базасына енетіндей мақала жазу барысында бірнеше зерттеулер мен халықаралық ғылыми жаңалықтарға әдеби шолу жасап, өз жұмысымың өнімді болуына барымды салып жатырмын. Жас ғалымдар үшін жасалған барлық мүмкіндікке көңілім толады. Елімнің ертеңіне сенемін, ғылым жолында өнімді қызмет қылуға қызығушылығы бар әр маман өз мүмкіндігін пайдаланса екен деймін.

ЖАС ҒАЛЫМДАР НЕ ДЕЙДІ?

ФОРМАЛИЗМГЕ АЙНАЛМАУЫ КЕРЕК

Бағдат СҰЛТАН,
С.Демирел атындағы университеттің магистранты:



Ұлттық статистика бюросының 2024-2025 оқу жылының басына арналған деректеріне сүйенсек, елімізде магистратурада

білім алып жатқан студенттердің жалпы саны – 39172 адам. Олардың 56,6%-ы – әйелдер. Алайда, магистратураға түскен әрбір студентті ғылымға жан-тәнімен берілген деп айта алмаймыз. Білім алушылардың бір бөлігі магистр дәрежесін формалды қажеттілік түрінде қабылдайды: жоғары жаалақы немесе мансаптық өсу мақсатында; шетелге шығу, виза, көшіқон құжаттарын жеңілдету үшін; әскери қызметтен уақытша босау жолы ретінде; уақыт ұту, болашаққа нақты жоспар жасалмаған сәттегі «кешіктіру» құралы есебінде.

Магистратура – ғылыми-зерттеу жұмыстарының бастамасы, өзекті тақырыптарға терең бойлап, диссертациялық зерттеулер жүргізуге арналған кезең. Алайда, мемлекеттік грантта оқып жатқан магистранттың барлығы бірдей өз зерттеу жұмысы арқылы еліміздің ғылымына нақты үлес қосады деп айту қиын. Көп жағдайда диссертациялық жұмыс формализмге айналып, кей магистрант тек дип-

лом алу үшін ғана оқитыны – құпия емес. Бұл білім беру жүйесінің ішкі сапасына қатысты күрделі мәселені де алға тартады.

Киелі қарашаңырақ – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алған төрт жылым мен үшін тек жоғары оқу орнының бағдарламасын меңгеру кезеңі ғана болған жоқ. Бұл кезеңде ғылыми ізденіс пен шығармашылыққа деген құлшынысым одан әрі артып, кәсіби бағдарым айқындалған ерекше шақ болды. Бакалавриат кезеңінде мен Оралхан Бөкейдің журналистік, Мұхтар Мағауиннің редакторлық қырын арнайы зерттедім. Бұл бағытты таңдаудағы мақсатым – ұлттық публицистиканың қатпарларына үңілу, қазақ сөз өнеріндегі шеберлік пен тұлғалық даралықты зерделеу еді. 4 жылдық зерттеу жұмысым алдағы уақытта студенттерге, магистранттарға Оқу құралы ретінде қызмет етпек.

Ғылыми ізденістегі алғашқы бағыт-бағдарымды айқындап, қолдап, демеп отырған ұстазым – филология ғылымының кандидаты, доцент Римма Жақсылықбаева. Ол кісі тек ғылым негізін үйретіп қана қойған жоқ, зерттеуге деген құштарлығымды оятып, мені ғылым жолына ынтамен жетелеген тұлға болды.

Әр сауалыма байыппен қарап, пікірімді мұқият тыңдап, сенім білдіруі – менің өзіме деген сенімімді нығайтып, жігерімді арттыра түсті. Жалпы алғанда, осы жолда жолыққан, маған білім беріп, бағыт көрсеткен әрбір Ұстазымды ерекше құрметтеймін, сыйлаймын.

Сандуғаш АЙТБАЕВА,
«Türkiye Bursları» бағдарламасының грант иегері:



Біздің жастар әлі күнге дейін «шетелде тек ақшасы барлар ғана оқи алады» деген жаңсақ пікірден арыла алмай жүр. 2021 жылы Түркия мемлекетінің «Türkiye Bursları» атты халықаралық шәкіртақы бағдарламасына құжат тапсырып, үш жылдық дайындықтан соң грант

жеңіп алу бақыты бұйырды. Бұл бағдарламаға 20 мыңнан аса қазақстандық студент өтініш береді, ал грант саны небәрі 250-300-ге жуық. Әр адамның ғылым жолын таңдауда өзіндік себептері бар. Менің байқауымша, студенттердің басым бөлігі жұмысқа бірден араласуға қорқады. Қазақстанда мемлекеттік гранттың өтеуінен қашу немесе магистратурада берілетін шәкіртақы мөлшеріне қызығу да жиі кездесетін жағдай. Ал мен бакалавриатты тәмамдаған соң, бірден магистратураға түсуді жөн көрдім. Магистратураны Түркия елінде оқуым мен үшін академиялық әрі жеке дамуыма да үлкен мүмкіндік болды. Түркияда магистратура бағдарламасы шетелдік студенттер үшін үш жылға созылады.

Алғашқы жыл міндетті түрік тілі дайындық курсына, екінші жылы оқу процесіне арналса, үшінші жыл тек диссертациялық зерттеу жұмысымен айналысуға беріледі. Егер бір жыл диссертация жазуға жеткіліксіз болса, бағдарлама ұзартылуы мүмкін. Түркиядағы магистратура ғылымға бағытталып, сабақтар теориялық білімге, ғылыми зерттеуге және өзіндік ізденістерге құрылған. Бір топта көбіне 6-7 студенттен аспайды, сондықтан сабақтарпрофессорлардың жеке кабинеттерінде өтеді. Бұл оқытудың сапасын арттырады. Ал Қазақстанда магистратура көбіне практика мен са-

бақ жүйесіне негізделген. Бір топта шамамен 15-20 студент болады. Елімізде магистранттарға төменгі курс студенттеріне семинар сабағын жүргізуге рұқсат беріледі. Бұл өз кезегінде болашақ оқытушылар үшін жақсы тәжірибе. Ал Түркияда, өкінішке қарай, тіпті докторанттардың өзіне мұндай мүмкіндік берілмейді. Менің түрік профессорларымды таңқалдырған да осы жайт болды. Яғни алған ғылыми білімді тәжірибеде нақты сабақ беру процесінде қолдана алмау – Түркиядағы жүйенің басты кемшіліктерінің бірі.

Шетелде оқу – жан-жақты даму. Түркияда білім алу барысында Эрасмус+ бағдарламасымен Польшада білім алу мүмкіндігіне ие болдым. Соңғы 3-4 жылда Түркияның «ҰТВ» ұйымы (маған грант берген ұйым) шетелдік студенттерге де Эрасмус+ байқауына қатысуға қайта рұқсат бере бастады. Студенттік кезеңде осындай халықаралық бағдарламалардан қорықпай, міндетті түрде қатысып көру керек деп есептеймін.

ТҮЙІН:

Әрине, магистратураны мансап үшін оқымау керек деген пікір кей жағдайда орынды болуы мүмкін. Бұл таңдау адамның жеке мақсаттары мен өмірлік басымдықтарына тікелей байланысты. Тек атақ немесе «дәрежелі болу» үшін магистратураға түсу – кейін оқу процесіне қызығушылық жоғалтуға, күйзеліс пен күйінішке әкеледі. Бастысы, әркім өз жолын түсініп, саналы шешім қабылдаса жөн еді.



Бетті әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.



«АҚШАМНЫҢ» ҚОНАҚЖАЙ ШАҢЫРАҒЫ»

ТӨЛ ӘДЕБИЕТІМІЗДЕГІ ТЫҢ ТЫНЫС

немесе шығарма мен шындық жайлы оқшау ой

Америкалық режиссер Стивен Спилберг түсірген «**Тыңшылар көпірі**» атты көркем фильм талайдың жанын тербеткені сөзсіз. Сол бір көркем қиял астында шынайы тағдырлардың жатқанын да ішің сезеді. Бір қызығы, бұған дейін бұндай туындылар тек шетелдік әдебиет пен өнерге ғана тиесілі сезіліп келгенін несің жасырайық. Тыңшылар оқиғасы, барлау, сыртқы дипломатиялық іс-қимылдар, қарсы барлау тақырыбындағы шытырман оқиғаларға құрылған детектив шығармаларды тек шетелдік әдебиеттерден оқып, шетелдік фильмдерден тамашалайтын едік.

Естай
БОЖАН

Ал соңғы жылдары бұндай тақырыптар төл әдебиетімізде тың тыныс алғаны қуантады. ЭКС-дипломат әрі қаламгер Бақытжан Тастанбеков өзінің «Мистер QZ», «Парыз және сезім» туындылары арқылы осы тақырыптарға қалам тербеп келеді. Жақында жас театр режиссері Әлібек Өмірбекұлы «Парыз және сезім» шығармасын сахналық шығармаға айналдырғалы жатқанын да естіп, оларды «Ақшамның» қонақжай шаңырағына» шақырған едік.

Айта кетейік, шығармадағы Қосан мен Ақжан сынды кейіпкерлер студент шағында Алматыда танысқан. Қосан барлаушы болып, ҰҚК академиясын бітіріп, ары қарай Еуропадағы сыртқы барлау қызметін жалғастырып кетеді. Ақжан екеуінің арасы осылай бөлініп қалады. Бірақ тағдыр екеуін сыртқы барлауда қайта кезіктіреді. Екеуінің кездесуі де ғажап. Францияның бір қаласында Қосан барлау мәліметтерін алғалы барып Ақжанды кезіктіреді. Сөйтсе, екеуі де үздік кәсіби тәжірибесін көрсетіп, көкіректе лықсыған сезімдерін тежейді. Кейіпкердің ішіндегі дүниелер диалог арқылы беріледі.

Шығарма өте қысқа болғанымен, ресми кәсіби қызмет пен сезім арасындағы, адамның ішкі жан-дүниесі арасындағы ішкі қайшылықтар, шекаралар көрінеді.

Жалпы, «Парыз және сезім» шығармасы бір қарағанда детектив жанрында, бірақ лирикалық драмаға да келеді. Шығармадағы барлау, құпия қызмет тақырыптары оқырман мен көрерменді көбірек қызықтыратын болар. Дегенмен, бұл шығармада қиял мен көркем қиял арасы қаншалық жақын немесе қаншалық алыс? Осынау қысқа, бірақ салмақты тақырыпты сахналаудағы мақсат не? Бұл шығарма оқырманы мен көрерменін несімен қызықтырады? Әдебиет пен өнердегі бұл жаңа образдар оқырманы мен көрерменін шабыттандырады десек бола ма? Туынды қандай жанрда, қандай мазмұнда ұсынылмақ? Бұл тақырыптың ұлттық өнер мен әдебиетімізде аз кездесуінің себебі не деп ойлайсыз? Біз осы сауалдар аясында тың тақырыптың авторы мен режиссерін әңгімеге тарттық.

Бақытжан
ТАСТАНБЕКОВ:**ЖАНЫМА ЖАҚЫН
ӘРІ ӨМІРЛІК
ТӘЖІРИБЕММЕН
ҮНДЕСЕДІ**

Біріншіден, сұхбат алаңына шақырғаныңызға алғыс білдіремін. Ал енді өзіме келсем, әзірге мен өзімді жазушымын деп санамаймын. Осыдан 5-6 жыл бұрын зейнетке шықтым, жұмысым Сыртқы істер министрлігінде болған, Таяу Шығыста, Шығыс елдерінде, Еуропа және Африка елдерінде де дипломатиялық қызмет істедім. Зейнетке шыққаннан кейін қолға қалам алдым. Абай айтпақшы, қазір менің жасымда дүние жинайтын, не болмаса, ғылыммен айналысатын кезең емес. Сондықтан қолыма қалам алып, өзім қызығатын тақырыпта жаза бастадым. Кейін таныстарымнан, жолдастарымнан қолдау тапқандай болдым. Шығарма жазу өзімнің жаныма жақын әрі өмірлік тәжірибеммен ұштасады. Бұл туралы

ойланып көрдім. Саяси детектив десем, тым үлкен бір тақырып болып кететіндей. Әрине, лирика да бар, махаббат, адамның өмірі. Соның ішіне барлау қызметімен байланысып кеткені үшін ерекше болды. Ал енді кейінгі дүниелерім саяси детектив болар, бұны таза детектив деп айта алмаймын. Неге десеміз, детективтің өз орны бар.

Құпия дейтіндей, мен бұл тақырыпты зерттеп, архивке кірген жоқпын. Құпия қызмет пен шығармашылық шекарасы бойынша қатты бір қиыншылық болды дей алмаймын. Былай қарасақ, Қосан секілді адамдар бар, бұл жинақтық образ десе де болады. Әркім өзін бұл образға қойып көруі мүмкін. Логикаға салып қарасақ, оқиғаның өзі шынайы шындыққа жақын болмаса да, ондағы кейіпкерлердің тәртібі, қызметі, істеген жұмыстары шындыққа жақын дегендей. Оның үстіне өнерде, әдебиетте бұндай «шикізат» аз емес қой. Тіпті, біздің сондай дайын «шикізатты» Голливудтың өзі қолданып кетіп жатыр.

Әлібек ӨМІРБЕКҰЛЫ:

**БҰЛ КЕЙІПКЕР
БҰҒАН ДЕЙІН ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІНДЕ
БОЛҒАН ЖОҚ**

Маған ұнағаны тақырып. Әлем әдебиетінде де, қазақ әдебиетінде де махаббат тақырыбы көп қой. Бірақ автордың оны ұсынған жағдайы мен әлемі ұнады. Бақытжан ағаға осы тақырыпты кеңейтсек деген ұсыныс айттым. Ол кісі де ұсынысты қолдап, іске кірісіп кеттік. Әрине, адамдардың барлаушы болып жұмыс істегені, олардың бір-бірін жақсы көргендері де әдемі тақырып. Бірақ менің басты ойым, спектакльде соны ғана көрсетпей, кез келген адамды көрген кезінде сол тағдырларды түсіне білсе, солармен бірге уайымдайтын болса деймін. Ең маңыздысы, әр мемлекет өздерінің батырларын театр, кино, әдебиет арқылы бізге насихаттайды. Аталмыш шығарманың ерекшелігі – бұл кейіпкер бұған дейін қазақ әдебиетінде болған жоқ.



САХНА

«АЛАТАУ» ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР ТЕАТРЫ

XVII Чехов фестивалінде зор жетістікпен өнер көрсетті

Алматының «Алатау» дәстүрлі өнер театры А.П. Чехов атындағы XVII Халықаралық театр фестивалінде «Мәмлүк. Сұлтан Бейбарыс» қойылымын сәтті сахналады.

Көрсетілім Қазақстанның Ресейдегі Елшілігінің, Алматы қаласы әкімдігінің және Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды.

Спектакль көрермендердің зор қызығушылығын тудырды: зал лық толып, көрермендер спектакльге таңдай қағып, ұзақ қол соғып, қошмет көрсетті. Қойылымды Мәскеу тұрғындары мен қонақтарынан бөлек театр сыншылары, фестиваль қатысушылары, халықаралық сарапшылар және Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дэурен Абаев тамашалады.

Бұл қойылым театр, опера мен балетті біріктіретін саундрама жанрында ұсынылған. Саундрама «Алатау» дәстүрлі өнер театры мен StarTDrama театр зертханасының бірлескен жұмысы болып саналады, онда ұлттық аспаптарды пайдалана отырып музыка арқылы Сұлтан Бейбарыстың өмір тарихы баяндалады, сондай-ақ жауынгерлік өнер элементтері мен суреттер арқылы бай мәдени дәстүр бейнеленеді. Көрермендерді бау-



рап алған «Мәмлүк. Сұлтан Бейбарыс» спектаклі жат елге құл болып келіп, әділдігімен, ерлігімен, асқақ рухымен күллі Мысырдың сұлтанына айналған Бейбарыстың өмірінен сыр шертеді. Сахнада 85 адам өнер көрсетті. Жас сұлтан Бейбарыстың рөлін «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әсет Есжан сомдаса, ересек Бейбарысты белгілі артист Ондасын Бесікбасов ойнады.

Қойылымның бас режиссері Фархад Молдағали, пластика режиссері Шырын Мұстафина мен жекпе-жек сахналарын қоюшы Әділет Таменов мәмлүк жауынгерлерін қатаң тәртіпке бағынған қуатты күш ретінде сахнада шебер көрсете алды. Нұрлан Төлешовтың сценариясы спектакльдің бейнесін толыққанды аша алды. Оның сахналық безендіруі жәй ғана

көрініс емес, сахналық кеңістікті өзгертіп, қойылымның ішкі драматургиясын күшейтіп, әсерін арттыра түсті. Қойылым барысында театрдың этно-фольклорлық ансамблі жанды музыка орындап, ерекше дыбыстық партитура жасады. Басты екпін сахнадағы әрекетке берілді. Серікжан Айтқалиев бұл спектакльде жәй ғана композитор емес, сахна әлемінің тең авторы ретінде еңбек етті. Ол қиын әрі көпқабатты дыбыстық партитура құрып, әрбір әуенді көріністің ажырамас бөлігіне айналдырды.

Екі жылда бір рет өтетін А.П.Чехов атындағы Халықаралық театр фестивалі әлемдегі ең айтулы мәдени іс-шаралардың бірі. Қойылымдарды көрерменге ұсын-бас бұрын ұйымдастырушылар әр спектакльді мұқият іріктеп, тек үздіктерін таңдайды. Айта кет-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Мақсат НҰРАЛИЕВ,
«Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры:****ӘР ҚОЙЫЛЫМЫМЫЗ АНШЛАГПЕН ӨТТІ**

Біз ғасырлық тарихы бар әлемдік сахнада қатарынан екі күн өнер көрсеттік, әр қойылымымыз аншлаппен өтті, көрермендер ыстық ықыласын аямады. Бұл фестиваль әр екі жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен үздік театрлардың басын қосады. Біз Алматы қаласы Мәдениет басқармасына қарасты жас театрмыз, дегенмен қазірдің өзінде әлемнің үздік театрларының қатарынан көрініп жүрміз. Қала әкімдігінің қолдауының арқасында үлкен жетістіктерге жетіп келеміз. Бізді әлемдік қауымдастық байқап, ең әйгілі фестивальдерге шақырып жатыр, танымал театрлар мен ұйымдар бізбен серіктес болғысы келеді. Қазіргі таңда Алматы мәдениет саласында стратегиялық маңызды қадам жасап жатыр. Мысалы, театр қызметкерлері мен артистерін оқыту, білімін жетілдіру, әлемдік алаңдармен бірлесіп жұмыс істеу арқылы мәдени ошақтардың халықаралық беделін арттырып отыр. Бұл имиджді көтеріп қана қоймай, артистер мен көрермендер үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

терлігі, биыл «Алатау» дәстүрлі өнер театры Қазақстаннан шақырту алған жалғыз ұжым болды. Биыл фестивальге Қазақстан, Қытай, Бразилия, Үндістан, Оңтүстік Африка Республикасы, Иран, Армения, Аргентина, Ливан, Колумбия және Бахрейн театрлары қатысып отыр. Отыз жылдан астам тарихы бар фестиваль осы уақытқа дейін ресейлік көрерменді әлемнің түкпір-түкпірінен келген 600-ге жуық үздік қойылыммен таныстырды. 23 мамырда басталған фестиваль Мәскеуде 25 шілдеге дейін өтеді.

• Айта кетейік, Чехов фестивалінен кейін «Алатау» театры Францияға жол тартып, әлемдегі ең беделді театр фестивалі – Off Avignon 2025 сахнасында Қазақстан атынан өнер көрсетеді. Мәдениет басқармасы өкілдерінің айтуынша, алматылық театрдың ең айтулы фестивальдерге қатысуы ұжымның кәсіби деңгейінің жоғары екенінің дәлелі ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениетін әлемдік аренада насихаттаудағы маңызды қадам.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! 2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 5 айға – 3067,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 5 айға – 6578,10 (қала), 4017,00 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 5 айға – 1967,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІ: еңбек нарығындағы сұраныс

«Алматы телекоммуникациялар және машина жасау колледжінде» қалалық Білім басқармасының қолдауымен «Колледж түлектерінің еңбек нарығындағы сұранысы» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР



Аталмыш іс-шараның басты мақсаты – қазіргі заман талабына сай жұмысшы мамандықтарға қойылатын талаптарды ескере отырып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жас мамандарды қалыптастыруға әсер ететін негізгі факторларды анықтау, сондай-ақ колледж түлектері жұмыспен қамту барысында кездесетін басты мәселелерді айқындау болды. Іс-шара барысында «дөңгелек үстелге» қатысушылар 4-модуль бойынша, яғни – «PROFY MARATHON – 2025», «Дипломнан жұмысқа дейін: алғашқы қадамдар», «Проблемалар мен шешім жолдары» және «Болашақ жоспарлар және өсу жолдары» сынды мәселелер төңірегінде ой-пікірлерін ортаға салды.

«Күні кеше колледжді аяқтаған түлектеріміз бүгінде Алматының жетекші компанияларында еңбек етіп жүр. Осынау жылдар ішінде колледжде алған білімдерін сарапқа салып, кәсіби маманға айналды. Бұл біз үшін зор қуаныш. Жас мамандарымыздың «дөңгелек үстел» басындағы ой-пікірлерін тыңдағанда олардың кәсіби мансабын бастау үшін колледжде алған теориялық білімнің, әлеуметтік серіктестер ұсынған тәжірибелік дағдылардың қаншалықты маңызды екенін аңғарғаны қуантады», – деді колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Макеева.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы, Бостандық аудандық сотында Холамханов Олег Кирамовичтің арызы бойынша, оның әкесі Холамханов Керим Магамедовичті, 1939 жылғы 24 желтоқсанда туған (ЖСН 391224301088), Ресей, Ставрополь өлкесінің тумасы, қайтыс болған деп тану туралы азаматтық іс қаралуда.
Холамханов Керим Магамедович туралы қандай да бір ақпараты бар адамдардан Алматы қаласы, Бостандық аудандық сотына **+7 (727) 333-12-41** телефоны арқылы хабарласуларыңызды сұраймыз.

ТӘРБИЕ



СЫЙЛЫҚҚА – КІТАП

Алматы қаласының Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемеде Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының мәдени іс-шара ұйымдастыру бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп Астана күні аталып өтті.

Іс-шараның мақсаты – еліміздің бас қаласы Астана туралы, оның жетістігі, барлық жақсысы жайында жасөспірімдерді хабардар ету.

Іс-шара кітапханашылардың Астана қаласы туралы баяндама-сынан басталып, елорданың тыныс-тіршілігін паш ететін кітап көрмесімен жалғасты. Түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан жеткіншектер кітаппен серік екенін байқатып, Астана туралы викториналық сұрақтарға белсене қатысып, білім-білігін де ортаға салды. Кітап оқуға құштар балалар сыйлыққа кітап алды.

Іс-шара соңында №11 мекеменің тәрбие бөлімінің бастығы, әділет подполковнигі Алма Қойшыбайқызы осындай іс-шаралар жасөспірімдердің эстетикалық талғамын дамытатынын айтып, жазалы балаларға қатарласынан қалмай, қоғамға, ортаға дұрыс тәрбиелі азамат болып оралуына тілек білдірді.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

КӨҢІЛ АЙТУ

Сайлаубек Тәукейұлы, Зауреш Байжүнісқызы!

Сіздердің орны толмас қайғыларыңызға ортақтаса отырып, шын жүректен көңіл айтамыз. Алла Тағала марқұм ұлдарыңыз Ерлан Сайлаубекұлына рақымын жаудырып, күнәларын кешіріп, жәннат бақтарынан орын берсін. Жаратушы Ием сіздерге сабыр, жүректеріңізге тыныштық және мықтылық бергей.

Қайғыларыңызға ортақтаса отырып, көңіл айтамыз.

Алматы қалалық №4 емхана ұжымы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖОБА

«Global World Book of Records»:

АЛАМАН ҚҰРАҚ – 2025

Алматыда әлемдік рекорд тіркелді

Алматыдағы әйгілі Медеу мұз айдынында ерекше тарихи оқиға болды – 660 құрақ көрпені біріктірген әлемдік рекорд орнатылды.

Таңмен жарысып ұлттық киім киген қолөнер шеберлерінің басы қосылып, Медеуге жиналды. Белгі берілген сәтте олар өздерімен ала келген құрақ көрпелерін мұз айдын үстіне жаюға кірісті. Күннің нұрымен жарқыраған түрлі-түсті көрпелер теңіздей құлпырып, бояулар мен өрнектердің керемет үйлесімі көз жауын алады.

Әрбір құрақ, әрбір тігіс – шебердің жүрегінен шыққан өнер туындысы, оның дүниетанымы мен дәстүрге деген сүйіспеншілігін көрсетті. Қолөнерге қызығатын жұрт көз майын тауысып тіккен көрпелерге қызыға қарап, олардың нақышына, орындау шеберлігіне таңдай қақты. Бұл күні алматылықтарға ұлттық мұраға деген мақтаныш пен тарихи сәттің куәсі болудың қуанышы бұйырғандай.

Мерекелік іс-шараға өнерсүйер қауым, жастар, блогерлер мен қала қонақтары көптеп қатысты. Сонымен қатар, тікелей эфир ұйымдастырылып, еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелдерден де бақылауға мүмкіндік болды.

«АЛАМАН ҚҰРАҚ – 2025» жобасы – әлемде теңдесі жоқ ерекше мәдени бастама. Бұл жолы 6 жастағы баладан бастап, тоқсанға таяған қарияларға дейінгі буын өкілдері тіккен 660 құрақ көрпе мұз айдынының 1366,8 шаршы метр аумағын толық жауып,

халқымыздың бірлігі мен жылуын, ұлттық рухын бейнелейтін әсерлі композицияға айналды. Осылайша бұл туынды «Global World Book of Records» кітабына ресми түрде енді.

Жоба жетекшісі Нұргүл Абайхан – ұлттық өнерге жанашыр, идея авторы әрі ұйымдастырушы. Ол бұл жобаны қазақ қолөнерін әлемдік деңгейде танымал ету мақсатында қолға алғанын айта кетті.

– «АЛАМАН ҚҰРАҚ» жобасы – қазақ халқының қонақжайлылығы мен кең пейілділігін, бірлігін танытатын символ. Құрақ көрпенің өзіндік бай ою-өрнегі арқылы біз халқымыздың терең мәдениетін жеткізгіміз келеді. Бұл жоба үшінші жыл қатарынан жүзеге асып келеді. Алғашын-

да 200 адам қатысты, өткен жылы Көшпенділер ойындарында 450 шебердің қолынан шыққан көрпелер ұсынылса, биыл Алматыда 660 қатысушы жиналды. Қазақ қолөнерінің халықаралық деңгейде мойындалуы – біздің еңбегіміздің лайықты бағалануы. Барлық қатысушылардың көрпелері біркелкі болу үшін арнайы мата-лар мен сызбалар еліміздің түкпір-түкпіріне таратылды. Тігін жұмыстарына алты ай уақыт жұмсалды. Бүгінгі күн – барша қазақстандықтар үшін мақтаныш сәті, – деді жоба жетекшісі.

Павлодардан келген этно-шебер, «Алып кимешек» жобасының авторы Гүлайым Ақымбаева бұған дейін төрт

метрлік ұлттық кимешек тігін, Global Book of Records тізіміне енген болатын. Алматы-да өткен рекордтық іс-шараның бір бөлігі болғанына ол да дән риза. «Жаһандану дәуірінде тарихи тамырымызды ұмытпау аса маңызды. Құрақ көрпе – қазақ мәдениетінің көрнекті бөлшегі. Ол ұлттық мақтаныш пен өзін-өзі тану сезімін нығайтады. Әсіресе, жастар үшін бұл – тамыры терең дәстүрмен байланыс орнатудың жолы. Осындай іс-шаралар арқылы біз өз мәдениетіміздің байлығын ұрпаққа жеткіземіз», – деді шебер.

Фестиваль аясында салтанатты марапаттау рәсімі өтті, концерт ұйымдастырылды, ұлттық бұйымдар көрмесі құрылды. Іс-шарада қазақтың халық әндері мен заманауи аранжировкадағы туындылар шырқалды. Ұлттық киім киген би ұжымдары мәдениетімізді көрсететін жарқын қойылымдар ұсынды.

- АЛАМАН ҚҰРАҚ – 2025 – жәй ғана рекорд емес, ұлттық өнерге серпін берген маңызды мәдени құбылыс. Бұл жоба арқылы қазақ халқының қолөнері, шеберлігі, бірлігі мен рухани мұрасы бүкіл әлемге таныстырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ.

СПОРТ

«ID FOOTBALL CUP-2025»

турнирі өтті

«Алатау» әлеуметтік қызметтер орталығында ментальды ауытқуы бар адамдар арасында кіші футболдан «ID FOOTBALL CUP-2025» турнирі ұйымдастырылды.

Турнирдің мақсаты – паралимпиадалық қозғалысты ілгерілету, ерекше жандар арасында футболды танымал ету, спорт арқылы олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ дарынды спортшыларды анықтап, Алматы құрамын қалыптастыру.

Турнирге Алматы қаласының түрлі медициналық-әлеуметтік мекемелерінен келген «Қазақспортклуб» құрамындағы 5 команда қатысты. Матчтар айналмалы жүйе форматында өтті. Регламент бойынша ойын екі таймнан (әрқайсысы 10 минут), 5 минуттық үзіліспен ойналды. Тең нәтиже кезінде пенальти тебілді.

Жеңімпаз команда Кубокпен және медальдармен марапатталды, ал екінші және үшінші орын иегерлері медальдарға ие болды. Турнир шығындарын ұйымдастырушылар өз мойнына алды.

Іс-шара «Алатау» әлеуметтік қызметтер орталығында өтті. Бұл мекеме психо-

неврологиялық аурулары бар, 18 жастан асқан адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін стационарлық үлгідегі мекеме болып саналады. Қызмет алушылардың 70%-дан астамы – толық жетім жандар. Орталықтың басты міндеті – қызмет алушыларды оңалту, әлеуметтендіру және оларға пайдалы өмір дағдыларын үйрету.

– Мүмкіндігі шектеулі жандар арасында шағын футболдан спорттық іс-шара өтті. Бұған 6 құрама қатысты. Мақсат – оларды қоғамға ынталандыру. Сондай-ақ, республикалық осындай игі іс-шараларға қатыстырғымыз келеді. Алда мүмкіндік болса, паралимпиадаға баруға қолдау көрсетуді көздейміз, – деді «Алатау» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы директорының орынбасары Мырзабек Садықбекұлы.

О. МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 609,07 теңге

\$ USD/KZT 520,93 теңге

₽ RUB/KZT 6,68 теңге

¥ CNY/KZT 72,68 теңге